



**АДАМДЫҚ БОЛМЫС
ҮНДЕЙТІН
ӘРІ ШАРИҒАТ БЕКІТКЕН**

ҚҰҚЫҚТАР

МУХАММАД СОЛИХ
ӘЛ-УСАЙМИН

Мухаммад Солих әл-Усаймин

**АДАМДЫҚ БОЛМЫС
ҮНДЕЙТІН
ӘРІ ШАРИҒАТ БЕКІТКЕН
ҚҰҚЫҚТАР**

қазақ тіліне аударған
«Абу Ханифа мирасы»
сайтының редакциясы

2024



Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

КІРІСПЕ

Біз Оны ғана мақтайтын және Одан ғана көмек пен кешірім тілейтін Аллаһқа бүкіл мақтаулар болсын! Аллаһтан өзіміздің нәпсіміздің және амалдарымыздың жамандығынан пана іздейміз. Кімді Аллаһ тура жолмен жүргізсе, оны ешкім адастыра алмайды. Ал кімді Аллаһ тастап қойса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқтығына куәлік береміз, және Мухаммад — Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі екеніне куәлік береміз, Оған, оның отбасына, сахабаларына және ізінен ілескендерге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Ал содан соң:

Расында, әділеттілікті сақтау, сондай-ақ әрбір құқық иесіне өз құқығын оған қатысты артық кетушілік және салғырттық танытпай беру Аллаһ Тағала шариятының ұлы артықшылықтарының бірі болып табылады. Аса Пәк Аллаһ әділеттілікті сақтауды, жақсылық жасауды, туған-туысқандарға сыйлық жасауды бұйырады. Әділеттілікті орнату үшін елшілер жіберіліп, Кітаптар түсірілген болатын, өйткені бұл дүние мен Ақырет өмірінің барлық істері дәл соған негізделеді.

Әділеттілік — бұл әрбір құқық иесіне өз құқығын беру және әрбір мәртебе иесін өзіне лайықты мәртебесіне қою. Ал

құқықтарды орындау оларды оқып-үйренусіз мүмкін болмайды. Міне, сондықтан да, осы қысқаша еңбегімізді жазуға да дәл осы нәрсе себеп болды, яғни кітабымыздың мақсаты — Аллаһтың құлы осы құқықтарды оқып үйреніп, содан соң біліп оқығанын өзінің шама-мүмкіндігіне сәйкес іске асыру үшін, сол құқықтарды орындауға байланысты маңызды мәселелерді түсіндіру.

Бұл кітаптың қысқаша мазмұны келесі тарауларды қамтиды:

1. Аллаһ Тағаланың құқықтары.
 2. Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құқықтары.
 3. Ата-ананың құқықтары.
 4. Бала құқықтары.
 5. Ағайын-туыстың құқықтары.
 6. Ерлі зайыптылардың құқықтары.
 7. Елбасшылар мен олардың қол астындағылардың құқықтары.
 8. Көршілердің құқықтары.
 9. Жалпы мұсылмандардың құқықтары.
 10. Мұсылман еместердің құқықтары.
- Біз қысқаша қарастыруды мақсат тұтқан құқықтар осылар.

БІРІНШІ ҚҰҚЫҚ: АЛЛАҢ ТАҒАЛАНЫҢ ҚАҚЫСЫ

Бұл құқық — пендеге міндет етіп бекітілген құқықтардың ең мәртебелісі және ең маңыздысы, әрі ең ұлысы. Бұл Аллаһтың, яғни бүкіл болмысты Басқарушы Ұлы Жаратушы Иеміздің құқығы. Бұл көктер мен жерді орнатқан, бүкіл болмысты жаратқан әрі олардың тағдырын Өзінің шексіз даналығымен алдын ала бекіткен әл-Мәлик (Патшаның), әл-Хаққ (Хаққтың), әз-Зохир (Айқынның), әл-Хайю (Тірінің), әл-Қайюм (Басқалардың тіршілік етуін Ұстап Тұрушының) құқығы. Бұл сені сен белгісіз, жоқ біреу болғаныңнан соң жоқтан бар етіп жаратқан Аллаһтың қақысы. Бұл сені өз анаңның құрсағында үш қараңғылықтың ішінде болған кезінде Өзінің мейірімімен өсірген Аллаһтың құқығы. Сенің өсіп-өнуіңе қажет болған қорек пен бүкіл қажет заттарды сол жерге ешбір жаратылыс жеткізе алмас еді. Ол сенің анаңның омырауын ақ сүтке толтырды, содан кейін саған екі жолды нұсқап, жамандық пен жақсылықты ажыратуды үйретті. Ол ата-анаңды саған қамқорлық жасауға бағындырды, сені қолдап, өмір сүруге бейімдеді, саған сансыз нығметтер, ақыл мен түсінік берді әрі өзіңді де осының барлығын қабылдауға және пайдалануға бейімді етті. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَاللّٰهُ أَخْرَجَكُمْ مِّنْ بُطُونِ أُمَّهَاتِكُمْ لَا تَعْلَمُونَ شَيْئًا وَجَعَلَ لَكُمُ
السَّمْعَ وَالْأَبْصَارَ وَالْأَفْئِدَةَ لَعَلَّكُمْ تَشْكُرُونَ﴾

«Әрі Аллаһ сендерді аналарыңның құрсақтарынан сендер ешнәрсе білмейтін күйде шығарды, және сендерге (қоршаған дүниені тануларың үшін) есту, көру, жүрек берді.

Бәлкім (өздеріңе берілген нығметтер үшін Оған) шүкіршілік етерсіңдер!» («ән-Нәхл» сүресі, 78-аят).

Егер Аллаһ сені бір сәтке болса да Өзінің нығметтерінен айыратын болса, сен міндетті түрге опат боласың, әрі егер Ол Өзінің нығметтерін бір сәтке болса да ұстап қалса, сен өмір сүрмес едің. Ендеше егер сен өзіңе берілген көмек пен сансыз нығметтердің Аллаһтан екенін түсінген болсаң, онда Оның саған деген құқықтары ең ұлы болатындығы да сен үшін айқын болады. Өйткені бұл Аллаһтың сендегі құқықтары — Ол сені жаратқаны, сенің өмір сүріп тіршілік етуіңді қамтамасыз етіп тұрғаны және саған сансыз нығметтер бергендігі үшін, Оның алдындағы парызың. Әрі, расында, Аллаһ сенен әлдебір ризық алуды қаламайды әрі Оны тамақтандыруды да сұрамайды. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿لَا تَسْأَلُكَ رِزْقًا نَحْنُ نَرْزُقُكَ وَالْعَاقِبَةُ لِلتَّقْوَى﴾

«Біз (Аллаһ) сенен (я Мухаммад) ризық сұрамаймыз, Біз (Өзіміз) сені ризықтандырамыз, ал (бұл дүние мен Ақыреттегі игі) нәтиже тақуалық (танытатындарға)» («Та ха» сүресі, 132-аят).

Шындығында, Ол сенен пайдасы сенің өзіңе оралатын бір-ақ нәрсені — яғни сенің ешбір серігі жоқ Жалғыз Оған ғана құлшылық етуіңді қалайды. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ مَا أُرِيدُ مِنْهُمْ مِنْ رِزْقٍ وَمَا أُرِيدُ أَنْ يُطْعَمُوا إِنَّ اللَّهَ هُوَ الرَّزَّاقُ ذُو الْقُوَّةِ الْمَتِينُ﴾

«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін (Менің айтқанымды әрі қалауымды орындаулары) үшін ғана жараттым. Мен олардан әлдебір ризық және олар Мені тамақтандыруларын қаламаймын. Расында, Аллаһ —

(тек) **Ол Ризық Беруші, күш-қуат Иесі, Мықты!»** («әз-Зәрият» сүресі, 56-57 – аяттар)¹.

Ол сенің Оған құлшылықтың барлық мағынасын қамтитындай құлшылық етуінді қалайды, өйкені Ол — рабылықтың бүкіл мағынасын қамтитын сенің Раббың. Аллаһ сенің Оған тағзым-итағатпен және мойынсұнушылықпен ғибадат етуінді, Оның бұйрықтарына бағынуыңды, Оның тыйым салған нәрселерінен аулақ болуыңды, Ол хабарлаған нәрселерді қабылдауыңды қалайды, өйткені Аллаһ Тағаланың саған сыйлаған нығметтері өте жомарт әрі үнемі жалғасуда. Ендеше сен осы нығметтерге шүкірсіздік танытуға ұялмайсың ба?!

Егер әлдебір адам саған көмектесіп жатса, сен оған тілазарлық танытуға және онымен келіспейтінін ашық түрде жариялауға ұяласың ғой. Ендеше сен өзіңнің Раббыңа қандай қатынас жасауың керек?! Өйткені саған берілген әрбір нығмет — Раббың Аллаһтың саған деген жақсылық қалауынан, ал сені айналып өткен әрбір жамандық — Оның мейірімімен ғана саған тимей өтті. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَمَا بِكُمْ مِنْ نِعْمَةٍ فَمِنَ اللَّهِ ثُمَّ إِذَا مَسَّكُمُ الضُّرُّ فَإِلَيْهِ تَجْأَرُونَ﴾

«Әрі сендердегі әрбір нығмет (мейлі ол денсаулық, молшылық, балалар, не басқа игіліктер болсын), (бұл) — (тек) **Ал-**

¹ Муғаз ибн Жәбәлдің былай деп баяндағаны жеткізіледі: «Бірде мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқа жағына отырып, есектің үстінде кетіп бара жатқанымызда, ол менен: «**Әй Муғаз! Аллаһ Тағаланың құлдарындағы қақысы және құлдардың Аллаһтағы қақысы туралы білесің бе?**», — деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», — деп жауап бердім. Ол: «**Аллаһ Тағаланың құлдарындағы қақысы — құлдардың тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Оған серік қоспауы. Ал құлдардың Аллаһтағы қақысы — кімде-кім Аллаһқа серік қоспаса, (Аллаһ) сол адамды азаптамауы**», — деді. Мен: «**Уа Аллаһтың елшісі, осыны адамдарға хабарлайын ба?**», — деп сұрадым. Ол: «**Жоқ, өйткені олар салғырттық танытатын болады**», — деп жауап берді» (әл-Бухари 13/300 және Муслим 2856).

лаһтан (яғни осының барлығын сендерге беретін — тек Ол ғана, әрі басқа ешкім емес). **Содан кейін сендерге зиян** (ауру, аштық, не басқа бейнеттер) **жетсе, сонда** (сендер) **Оған** (ғана дұғамен) **жалбарынасыңдар»** («ән-Нәхл» сүресі, 53-аят).

Ал Аллаһ бізге Өзіне қатысты жүктеген міндеттемелер адам баласының шамасына сәйкес келеді әрі Аллаһ оларды кімге жеңіл етсе, олар соған жеңіл болып табылады. Өйткені Аллаһ біз үшін Өз дінінде қиындық, ауыртпалық немесе күрделілік жасаған жоқ. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَجَاهِدُوا فِي اللَّهِ حَقَّ جِهَادِهِ هُوَ اجْتَبَاكُمْ وَمَا جَعَلَ عَلَيْكُمْ فِي الدِّينِ مِنْ حَرَجٍ مِلَّةَ أَبِيكُمْ إِبْرَاهِيمَ هُوَ سَمَّاكُمُ الْمُسْلِمِينَ مِنْ قَبْلُ وَفِي هَذَا لِيَكُونَ الرَّسُولُ شَهِيدًا عَلَيْكُمْ وَتَكُونُوا شُهَدَاءَ عَلَى النَّاسِ فَأَقِيمُوا الصَّلَاةَ وَآتُوا الزَّكَاةَ وَاعْتَصِمُوا بِاللَّهِ هُوَ مَوْلَاكُمْ فَنِعْمَ الْمَوْلَى وَنِعْمَ النَّصِيرُ﴾

«Аллаһ жолында шынайы түрде күресіңдер (Оның жолында әрі тек Ол үшін ғана бар күш-жігерлеріңді танытыңдар). **Сендерді Ол таңдады** (Оның Сөзін және Оның дінін басқа адамдарға жеткізу үшін). **Әрі сендерге дінде ешқандай қиындық қылған емес.** Аталарың Ибраһим (пайғамбардың бірқұдайшылық) **жолы(на)** (ілесіңдер). **Аллаһ бұрын** (Өзінің бұрын түсірілген Кітаптарында) **да, осы** (Құранда) **да сендерді мұсылмандар деп атады.** **Елші сендерге** (Аллаһтың жолдауын жеткізгеніне) **куә болуы, әрі сендердің де адамдарға** (олардың елшілері де оларға Аллаһ сендерге Өз Кітабында хабарлағанды жеткізгеніне) **куә болуларың үшін.** **Ендеше намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер, және Аллаһқа бекем жармасыңдар** (Ол берген дінді ұстаныңдар). **Қамқоршы Иелерің Сол; Ол нендей жақсы Қамқоршы Ие.** **Әрі нендей жақсы жәрдемші!»** («әл-Хәжж» сүресі, 78-аят).

Аллаһтың бізге міндетті еткен қақылары өзінің құрамына: үлгілі (мінсіз) наным-сенімді¹, ақиқатқа иман келтіруді және пайдалы салиқалы амалдарды қамтиды. Наным-сенім — бұл ғайыпқа деген иман және есеп-хисап болатынына иман. Оның (яғни наным-сенімнің) тіректері — Аллаһқа деген махаббат пен тағзым-ұлықтау, ал жемісі — ықылас пен құлшылықтағы тұрақтылық.

Әрі күн мен түн барысында орындалатын бес уақыт намаз арқылы Аллаһ пенделерінің күнәларын кешіреді, дәрежелерін арттырады, жүректерін және жағдайларын түзейді². Аллаһтың құлы оларды шама-мүмкіндігі жеткенше орындайды. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿فَاتَّقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ﴾

«Сондықтан шамаларың келгенінше Аллаһтан қорқыңдар (Оның бұйрықтарын орындап, тыйған нәрселерінен тыйылыңдар)» («әт-Тағабун» сүресі, 16-аят).

Әрі Имран ибн Хусайн атты сахаба, Аллаһ оған разы болсын, ауырып қалғанда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Намазды тұрып оқы, тұрып оқи алмасаң, онда отырып оқы, ал егер отырып оқи алмасаң, онда жамбастап жатып оқы»**, — деді (әл-Бухари, 1117).

¹ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Иманың мағынасы сенің Аллаһқа, Оның Періштелеріне, Оның Кітаптарына, Елшілеріне, Ақырет Күніне, сондай-ақ тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына — иман келтіруің»**, — деді (Мұслим, 8).

² Абу Хурайрадан бірде Пайғамбардың (оған Аллаһ игілігі мен сәлемі болсын): **«Сендерге Аллаһ солар арқылы күнәларды өшіретін әрі дәрежелеріңді көтеретін нәрселерге нұсқайын ба?»** — дегені жеткізіледі. Адамдар: «Әрине, уа Аллаһтың елшісі», — деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі): **«Бұл ыңғайсыздықтарға** (мысалы, суық күнге) **қарамастан дәрет алу, мешіттерге қарай көп қадам басу және намаздан кейін келесі намазды күту, әрі бұл сендер үшін рибатта** (шекарада) **тұру** (сияқты) **болады»**, — деді (Мұслим 251).

Зекет — бұл сенің мал-мүлкіңнің шетінен мұсылмандардың қажеттіліктеріне берілуі тиіс болған азғантай бөлігі. Ол мұқтаждарға, кедейлерге, жолаушыларға, қарызданған адамдарға және зекет алуға құқықты басқалардың барлығына төленеді¹. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿فَاقِيمُوا الصَّلَاةَ وَآتُوا الزَّكَاةَ وَاعْتَصِمُوا بِاللَّهِ هُوَ مَوْلَاكُمْ فَنِعْمَ الْمَوْلَى وَنِعْمَ النَّصِيرُ﴾

«Ендеше намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер, және Аллаһқа бекем жармасыңдар (Ол берген дінді ұстаныңдар). Қамқоршы Иелерің Сол; Ол нендей жақсы Қамқоршы Ие. Әрі нендей жақсы жәрдемші!» («әл-Хәжж» сүресі, 78-аят).

Әрі жылына тек бір ай бойында үзіліссіз ораза ұстау. Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ былай деді:

﴿وَمَنْ كَانَ مَرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِنْ أَيَّامٍ أُخَرَ﴾

«Ал кім науқас не сапарда болса (оған ораза ұстай алмаған күндерінің санын) басқа санаулы (белгілі) күндерде (толықтыруы міндетті)» («әл-Бақара» сүресі, 185-аят).

¹ Олар туралы мына аятта айтылады:

﴿إِنَّمَا الصَّدَقَاتُ لِلْفُقَرَاءِ وَالْمَسْكِينِ وَالْعَامِلِينَ عَلَيْهَا وَالْمُؤَلَّفَةِ قُلُوبُهُمْ وَفِي الرِّقَابِ وَالْغَارِمِينَ وَفِي سَبِيلِ اللَّهِ وَابْنِ السَّبِيلِ فَرِيضَةً مِّنَ اللَّهِ وَاللَّهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ﴾

«Шын мәнінде садақалар (зекеттер), Аллаһ тарапынан бір парыз ретінде (тек): қолы тар пақырларға, түгі жоқ міскіндерге, оны (зекетті) жинауға белгілегендерге, көңілдері (Исламға) қаратылатындарға, құлды азат етуге, (қарыз ауыртпалығын көтерген) борыштыларға, Аллаһ жолына және жолда қалғандарға беріледі. Аллаһ (Өз құлдарына не пайдалы екенін) Білуші, (Өз шешімдері мен үкімдерінде) Дана!» («әт-Тауба» сүресі, 60-аят).

Ал кім жазылмайтын аурумен науқас болса, немесе ешқашан ораза ұстай алмайтындай шама-күшсіз болса, онда әрбір ораза күні үшін бір кедейді тамақтандыруы керек¹.

Ал Аллаһтың Қасиетті Үйі Қағбаға қажылық жасау осыны жасай алатын адамға өмірінде бір рет парыз етіледі.

Жоғарыда аталғанның барлығы біздің мойынымыздағы Аллаһ Тағаланың негізгі құқықтары болып табылады. Ал бұдан басқалары, тек белгілі жағдайларда ғана, мысалы, Аллаһтың жолында жиһад (күрес) жасау, немесе мысалы, зұлымдыққа ұшырағандарға көмек көрсету, белгілі себеппен ғана міндетті болады.

Бұл істерді тәжірибеде орындау нендей жеңіл, ал олар үшін берілетін сауап қандай ұлы екеніне қарашы, бауырым! Егер сен оларды орындап жүрсең, онда бұл дүниеде де, арғы дүниеде де бақытқа ие боласың, Тозақтан құтылып, Жәннатқа кірсең. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿فَمَنْ زُحِرَ عَنِ النَّارِ وَأُدْخِلَ الْجَنَّةَ فَقَدْ فَازَ وَمَا الْحَيَاةُ الدُّنْيَا إِلَّا مَتَاعُ الْغُرُورِ﴾

«Ал кім Оттан (Тозақтан) алыстатылып, Жәннатқа кіргізілсе, сол жетістікке жетті. Ал дүниелік өмір тек алдамшы ләззат қана (сондықтан онымен алданба)» («Әли Имран» сүресі, 185-аят).

¹ Ибн Аббас, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, былай деген: «Кәрілікке шалдығып ораза ұстауға шамасы жетпейтін ер мен әйелге ораза ұстамауға әрі оны кейінірек те өтемеуге рұқсат етілді, бірақ оған ораза ұстай алмаған әрбір күні үшін бір кедейді тамақтандыру бұйырылды» (әл-Бухари 7/179, әд-Даракутни 2/205).

Имам Ибн Қудам, Аллаһ оны рахым етсін, былай деген: «Жазылуға үміті жоқ ауру ораза ұстамайды, әрі әрбір ораза ұстай алмаған күні үшін бір кедейді тамақтандырады, әрі осыда ол кәрі кісіге теңеледі». Қ-з: «әл-Муғни» 4/396.

ЕКІНШІ ҚҰҚЫҚ: АЛЛАҢ ЕЛШІСІНІҢ (ОҒАН АЛЛАҢТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ҚАҚЫСЫ

Оның қақысы — жаратылыстардың құқықтарының ішіндегі ең ұлысы. Жаратылыстардың ішінде Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлырақ құқыққа ие болған ешкім жоқ. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿إِنَّا أَرْسَلْنَاكَ شَاهِدًا وَمُبَشِّرًا وَنَذِيرًا لِّتُؤْمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ وَتُعَزِّرُوهُ وَتُوَقِّرُوهُ وَتُسَبِّحُوهُ بُكْرَةً وَأَصِيلًا﴾

«Расында, біз сені (уа Елші, бүкіл адамзатқа Аллаһ олардан не қалайтынын жеткізген және түсіндірген) **куә ретінде, әрі** (Аллаһқа мойынсұнушыларға Жәннат уәде етілгенімен сүйіншілейтін) **қуантушы, және** (кәпірлер мен мойынсұнбайтындарға Аллаһтың жазасы келіп тиетінін) **ескертуші ретінде жібердік. Сендер Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірулерің, Оған** (Аллаһқа, Оның сөзін және Ол берген дінді ұлықтау арқылы) **көмектесулерің, және оны** (Елшіні) **құрметтеп** (ұлықтауларың), **әрі** (Аллаһты) **таңертең және кешке пәктеп-дәріптеулерің үшін»** («әл-Фатх» сүресі, 8-9 – аяттар).

Сондықтан Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көру басқа барлық адамдарды, тіпті өзіңді өзің

жақсы көруден, балаларың мен ата-ананды жақсы көруден артық болуы керек¹.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Сендердің ешқайсыларың мені өз өз баласынан, әкесінен және басқа адамдардың барлығынан артық жақсы көрмейінше иман келтірмейді»** (әл-Бухари 15, Муслим 44)².

¹ Сенімді хадистердің бірінде Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көретін адам, онымен бірге Жәннатта болатындығымен сыйға бөлінетіндігіне нұсқалады. Бірде бір адам Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, Қиямет күні қашан болатындығы жайлы сұрақпен жүгінді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Сен оған не дайындадың?»**, — деп сұрады. Әлгі адам: **«Уа Аллаһтың Елшісі! Мен ол үшін көп ораза, намаз және садақа дайындамадым, бірақ мен Аллаһ пен Оның Елшісін жақсы көремін»**, — деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Сен жақсы көрген адамдарыңмен бірге боласың»**, — деді (әл-Бухари 6168–6171, Муслим 4/2032, 2639).

Бұл хабарды жеткізген Әнас былай деген: **«Біз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Сен жақсы көрген адамдарыңмен бірге боласың»**, — деген сөздеріне қуанғанымыздай, еш нәрсеге қуанбағанбыз. Өйткені мен Аллаһты және Оның Елшісін жақсы көремін, (сондай-ақ) мен Абу Бакр мен Умарды жақсы көремін және мен олардың амалдарыңдай амалдар жасамасам да, оларға деген сүйіспеншілігімнің арқасында, олармен бірге болатындығыма үміттенімін» (Муслим 63, 2639).

² Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махаббаттың белгісі — оған және оның сүннетіне ілесу, оның бұйрықтарына бағыну және ол тыйым салған нәрселерді тастау, бақытсыздық пен шаттықта да, мұқтаждық пен есендікте де оның үлгісіне (қағидаларына) сай мінез-құлық танытып, іс-әрекет жасау. Шынайы жақсы көрген адам, жақсы көретін адамына артықшылық береді және оған ұнайтын нәрсені таңдайды. Егер бұл осылай болмаса, онда оның махаббаты шынайы емес, ал оның сөздері өтірік.

Аллаһ Тағала былай деген:

قُلْ إِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللَّهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ
وَاللَّهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ

«(Уа Мухаммад, оларға:) «Егер Аллаһты сүйсендер, онда маған ілесңдер. Сонда Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құқықтары өзінің құрамына оны қадірлеп ардақтауды, құрметтеуді, оны өте жоғары мәртебесіне лайықты түрде шектен шығусыз және салғырттық танытусыз ұлықтауды қамтиды. Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның тірі кезінде қадір-құрметтеу оның сүннеттін және оның ардақты тұлғасын қадірлеп-құрметтеуді меңзейді, ал ол қайтыс болғаннан соң оны құрметтеу оның сүннетті мен оның шайқалмас шариғатын қадірлеп-құрметтеуді білдіреді. Ал кім Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) данқты әрі ардақты сахабалары оны қалайша құрметтегенінің мысалдарымен танысқан болса, сол олардың Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдындағы өз міндеттерін қалайша орындағанын білетін болады.

Худайбия келісімшарты туралы оқиғада құрайштықтар Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіссөздер жүргізу үшін Ғуруа ибн Масғудты жібергені туралы баяндалған. Сонда Ғуруа келіссөздерден қайта оралған соң құрайштықтарға былай деп айтқан сөздері жеткізілген: «Уа адамдар, Аллаһпен ант етемін, мен кезінде патшалардың алдында болғанмын, әрі (Византияның) императорының, (парсылардың патшасы) хосройдың және (Эфиопияның билеушісі) негустың алдына барғанмын, бірақ, Аллаһпен ант етемін, мен айналысындағы жақындары Мухаммадтың сахабалары Мухаммадты қадірлеп-құрметтейтіндей етіп құрмет тұтатындай ешбір патшаны көрмеппін, егер ол түкірсе, әрі оның түкірігі әлдебір адамның қолына тие қалса, әлгі адам (одан береке алу үшін) оны міндетті түрде өзінің бетіне және терісіне сүртеді,

Өйткені, Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», — деп айт» («Әли-Имран» сүресі, 31-аят).

Бұл аят «сынақ аяты» деп аталады, өйткені онда адамның Аллаһқа деген махаббаты тексерілетін өлшем жайлы айтылады. Бұл өлшем — Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу және ол тыйым салған нәрселерден бас тарту болып табылады.

ер ол әлдебір нәрсені бұйырса, олар оның (кез-келген) әмірін орындауға асығады, егер ол дәрет алса, онда олар (одан қалған су үшін) бір-бірімен соғысуға дайын болады, ал егер ол сөйлей бастаса, олар оның қасында дауыстарын төмендетеді, әрі олар оған деген ізет-құрметінен (тіпті) оған қадалып тік қарамайды да!» (әл-Бухари 2581).

Олар Аллаһтың Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), міне, осылайша қадірлеп ұлықтайтын әрі ерекше құрметтейтін.

Аллаһ Тағала оған ардақты, көркем әрі жұмсақ мінез сыйлады, ал егер ол дәрекі әрі қатал болғанда, олар міндетті түрде оның айналасынан қашып кетер еді.

Әрі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құқықтарынан — ол хабарлаған болашақта болатын және бұрын болып өткен барлық нәрселердің ақиқаттығын растау, оның әмірлерін орындау және тыйым салған және қайтарған нәрселерінен тыйылу, және оның жолы (басшылығы) ең кемел басшылық екеніне ал шарифаты ең кемел шарифат екеніне иман келтіру. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿فَلَا وَرَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ حَتَّىٰ يُحَكِّمُوكَ فِيمَا شَجَرَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ لَا يَجِدُوا فِي أَنفُسِهِمْ حَرَجًا مِّمَّا قَضَيْتَ وَيُسَلِّمُوا تَسْلِيمًا﴾

«(Мухаммад,) Раббыңмен ант етемін! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып (яғни сен тірі кезінде сенің өзіңе, ал сен қайтыс болған соң сенің Сүннетіңе жүгініп), **сон-соң берген билігіңнен көңілдерінде ақау** (күмән мен қанағатсыздық) **таппай толық бой ұсынғанға дейін мұмин бола алмайды**» (ән-Ниса» сүресі, 65-аят).

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلْ إِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللَّهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَّحِيمٌ﴾

«(Уа Мухаммад, оларға:) «Егер Аллаһты сүйсендер, онда маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткені, Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», — деп айт» («Әли-Имран» сүресі, 31-аят).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсы) құқықтарының қатарына сондай-ақ оның шарифатын және басшылығын (жолын) шамасы жеткенше қорғау да жатады. Егер әлдебіреу дұшпандық пиғылымен жалған дәлел дәйектер келтіру арқылы шабуыл жасап жатса, онда қорғау да білімнің негізінде болуы керек әрі оның дәйектері мен күмәндарының кесірлі екенін түсіндіру арқылы оларға тойтарыс жасау керек. Ал егер дұшпан қарумен шабуыл жасаса, онда одан дәл сол үлгімен қорғану қажет.

Мүмин адам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шарифатына, немесе оның ардақты тұлғасына шабуыл жасап жатқан біреуді ести тұра, әрі оған тойтарыс беруге мүмкіндігі және күші бола тұра, үндемей тұра беруіне рұқсат етілмейді¹.

¹ Аллаһ Тағала былай деді:

فَالَّذِينَ آمَنُوا بِهِ وَعَزَّرُوهُ وَنَصَرُوهُ وَاتَّبَعُوا النُّورَ الَّذِي أُنْزِلَ مَعَهُ ۙ أُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ

«Оған (Мухаммадқа) иман келтіргендер, оны құрмет тұтып, оған көмек көрсеткендер, әрі оған түсірілген нұрға (Құранға) ергендер, міне, солар құтылушылар» («әл-Әғраф» сүресі, 157-аят).

Аллаһ Оны және Оның Елшісін сөгетіндерді лағнеттеді. Құранда былай деп айтылған:

إِنَّ الَّذِينَ يُؤْذُونَ اللَّهَ وَرَسُولَهُ لَعَنَهُمُ اللَّهُ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَأَعَدَّ لَهُمْ عَذَابًا مُّهِينًا

«Расында, Аллаһты және Оның Елшісін сөгетіндерді Аллаһ бұл дүние мен Ақыретте лағынеттеді, әрі оларға қорлаушы азап дайындады» («әл-Әхзаб» сүресі, 57-аят).

Ал кімді Аллаһ лағнет еткен болса, «оған сен ешбір жәрдемші таба алмайсың» («ән-Ниса» сүресі, 52-аят). Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөккен адам осы жасаған ісіне дейін мұсылман болған болса, осынысымен ол діннен шыққан кәпір болады, әрі мұсылман билеушісінің

ҮШІНШІ ҚҰҚЫҚ: АТА-АНАҒЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Ешкім ата-ананың өз балаларының үстінен артықшылығына және мәртебелі екенін теріске шығара алмайды. Ата-ананың баласының мойнындағы құқықтары ұлы, өйткені дәл солар оның дүниеге келуіне себеп болды ғой. Олар оны дүниеге енді келген сәби кезінен бастап ұлғайып есейгенше бағып тәрбиеледі, ол үшін қажыр қайратын сарп етіп, ол қамсыз өмір сүру үшін жаны мен тәнін шаршатты, ол ұйықтауы үшін ұйықтамады.

Ана сені өзінің құрсағында тоғыз ай бойы көтеріп жүреді, әрі осы уақыт ішінде сен түгелімен оның тамақтану мен денсаулығы арқылы өмір сүресің. Бұған Аллаһ Тағала былай деп нұсқайды:

﴿حَمَلَتْهُ أُمُّهُ وَهْنًا عَلَى وَهْنٍ﴾

оны кешіруге және оған рақымшылық танытуға құқығы жоқ, өйткені Аллаһ былай деген:

وَلَمَّا سَأَلْتَهُمْ لَيَقُولُنَّ إِنَّمَا كُنَّا نَحْنُ وَنَلْعَبُ قُلْ أَبِاللَّهِ وَآيَاتِهِ وَرَسُولِهِ كُنْتُمْ
تَسْتَهْزِئُونَ لَا تَعْتَذِرُوا قَدْ كَفَرْتُمْ بَعْدَ إِيمَانِكُمْ إِنَّ نَعْفَ عَنْ طَائِفَةٍ مِّنْكُمْ يُعَدَّدُ
طَائِفَةٌ بِأَنَّهُمْ كَانُوا مُجْرِمِينَ

«Егер олардан сұрасаң: «Әрине біз әншейін сөзге кірісіп, ойнап едік», — дейді. Оларға: «Аллаһтың аяттарымен және Елшісімен қалжақтаған болдыңдар ма? Желеуретпендер! Сендер иман келтіргеннен кейін кәпір болдыңдар», — де» («әт-Тәуба» сүресі, 65-66-аяттар).

Қылмыстың бұл түрін жасаған адам мұсылман әміршісі тарапынан өлім жазасына тартылады, әрі осы орайда, дұрыс пікірге сәйкес, оның тәубе еткендігі жайлы мәлімдемесі оны жазадан босатпайды.

«...(өйткені) **анасы оны** (өзінің құрсағында) **әлсіздік** (үстіне) **әлсіздік** (қосылатын) **күйде көтеріп жүреді**» («Луқман» сүресі, 14-аят).

Ал содан соң ол сені тағы да шаршап, қиналып, қиындықтар сезініп, бағып-қарайды және екі жыл бойы ақ сүтімен азықтандырады.

Ал әкеге келер болсақ, әке де сен сәбилік кезіңнен бастап өзіндік өмір сүре алғаныңа дейін ешкімнен кем болмай өмір сүруің әрі күш жинауың шамасы жеткенше күші мен жігерін салып еңбек етіп, сені бағып өсірді, тәрбиеледі, сенен өзінің ықыласты кеңес-насихатын аямады, өйткені сен өзіңе не пайдалы, ал не нәрсе зиянды екенін білмедің ғой.

Әрі сондықтан да Аллаһ Тағала перзентке өз ата-анасына игілік жасауды әрі оларға алғыс-рахметін білдіруді бұйырды. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَوَصَّيْنَا الْإِنْسَانَ بِوَالِدَيْهِ حَمَلَتْهُ أُمُّهُ وَهْنًا عَلَىٰ وَهْنٍ وَفَصَّالَهُ فِي سَامِيٍّ
أَن اشْكُرْ لِي وَلِوَالِدَيْكَ إِلَيَّ الْمَصِيرُ﴾

«Әрі біз адам баласына (ол) **өзінің ата-анасына** (олар тірі кезде де, қайтыс болғаннан кейде игі қарым-қатынас жасауды) **өсиет еттік**; (өйткені) **анасы оны** (өзінің құрсағында) **әлсіздік** (үстіне) **әлсіздік** (қосылатын) **күйде көтеріп жүреді**; **әрі оны** (емізуден) **айыру — екі жаста**. (Әрі Біз оған): «**Маған** (Аллаһқа) **әрі ата-анаңа шүкіршілік ет**, (өйткені) **қайта оралу — Маған**» (деп бұйырдық)» («Луқман» сүресі, 14-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

﴿وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا إِمَّا يَبُلُغَنَّ عِنْدَكَ
الْكِبَرَ أَحَدُهُمَا أَوْ كِلَاهُمَا فَلَا تَقُلْ لَهُمَا أَقْفٌ وَلَا تَنْهَرْهُمَا وَقُلْ لَهُمَا

قَوْلًا كَرِيمًا وَاخْفِضْ لَهُمَا جَنَاحَ الذُّلِّ مِنَ الرَّحْمَةِ وَقُلْ رَبِّ ارْحَمْهُمَا كَمَا
رَبَّيْنِي صَغِيرًا ﴿٢٤﴾

«Раббың Өзіне ғана құлшылық етулеріңді (Одан басқа ешкімді құдай деп танымауларыңды), әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе, оларға: “Tūh”, — деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп (оларға итағатты әрі мейірімді болып), мәрхамет құшағын жай да: “Раббым! Ол екеуі мені кішкентай кезімде тәрбиелегендей, Сен де оларды мархаметіңе бөлей гөр!”, — де» («ал-Исра» сүресі, 23–24 – аяттар).

Сондықтан да мұсылманның мойнындағы ата-анасының қақылары өзінің құрамына келесілерді қамтиды:

- оларға ізгі-салиқалы қарым-қатынас жасау;
- оларға сөзбен, іс-амалдармен жақсылық жасау;
- оларға мал-мүлікпен және қол күшімен көмектесу;
- Аллаһқа қатысты күнә болмайтын және өзіңе зиян болмайтын нәрселердің барлығында оларға бағыну;
- олармен жұмсақ-ілтипатты сөйлесу;
- оларға жарқын жүзділік танытып қуаныш сыйлау;
- оларға лайықты деңгейде қызмет жасау;
- олар қартайғанда, ауырып әлсіздікке шалдыққанда оларға кейіс білдірмеу әрі ашуланбау¹.

¹ Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде: «**Қор болсын, қор болсын, қор болсын!**», — деп дауыстап жібергені жеткізіледі. Одан: «Кім (қор болсын), уа Аллаһтың Елшісі?» — деп сұрағанда, ол: «**Ата-анасының біреуінің немесе екеуінің кәрілікке жеткенін көріп үлгеріп, Жәннатқа кіре алмаған адам!**» — деді (Мұслим 2551).

Оларға көмектесуді әлдебір қиын іс деп санама, өйткені өзің де күндердің бір күнінде солардың орнына түсесің. Күндер өте сен де солар сияқты ата-ана боласың. Әрі өмірің болып жатса, олар өз балаларының алдында қартайғандай, сен де өз балаларыңның көз алдында қартаярсың, әрі ата-анаң сенің ізгі қарым-қатынасыңа мұқтаж болғаны сияқты, сен де өз балаларыңның ізгі қарым-қатынасына мұқтаж боласың. Әрі егер сен өз ата-анаңа ізгі қарым-қатынас жасаған болсаң, онда ұлы сауаппен және саған да дәл солай жақсылықпен қайырылатына қуан. Өйткені кім өз ата-анасына ізгі-саликалы қарым-қатынас жасаса, соған өз балалары да ізгі-салиқалы қатынас жасайтын болады. Ал кім өз ата-анасына мойынсұнбаушылық пен жаман қарым-қатынас жасайтын болса, соған балалары да мойынсұнбайтын әрі жаман қарым-қатынас жасайтын болады, өйткені жаза істеген амалға сәйкес болады: не берсең — өзіңе де дәл сол қайырылады.

Аллаһ Тағаланың құқықтары өзінің құрамына Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құқықтарын да қамтитынын ескерсек, онда Жаратушы Раббымыз Аллаһ ата-ананың қақыларын Өзінің қақыларынан кейінгі мәртебеге қойып, оларға сенің үстіңнен өте ұлы құқықтар берді.

Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَاعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا﴾

«Аллаһқа (ғана) құлшылық етіңдер әрі Оған (ешкімді және ешнәрсені) қоспаңдар, және ата-анаға (шынайы ықыласты түрде сөздермен, істермен, мал-мүлікпен) ізгілік жасандар...» (ән-Ниса сүресі, 36-аят).

Әрі Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ата-анаға ізгілік жасауды тіпті Аллаһтың жолындағы жиһадтан ілгері қойды. Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде бірде оның Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа Аллаһтың елшісі, Аллаһ ең жақ-

сы көретін іс-амал қандай?» — деп сұрағаны жеткізіледі, сонда ол: **«Өз уақытында орындалған намаз»**, — деп жауап берді. Кейін ол: «Ал одан кейін қандай амал?» — деп сұрады. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Ата-анаға ізгі қарым-қатынас жасау»**, — деді. Кейін ол: «Ал одан кейін (қандай амал)?» — деп сұрады, әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Аллаһтың жолындағы жиһад»**, — деп жауап берді (әл-Бухари 527, Муслим 85).

Мұның барлығы көптеген адамдар осыған немқұрайлы қарайтын (Аллаһ біздің барлығымызды түзесін) ата-анаға ізгі қарым-қатынас жасаудың өте үлкен маңыздылығына нұсқайды. Сіз олардың алдындағы өз міндеттерін орындау қажет емес деп санайтындарды, тіпті оларға құрметсіздік көрсететіндерді¹, оларға немқұрайлы қарап олардың алдында тәккаппарлық танытатындарды көресіз, бірақ ерте ме, кеш пе олар бәрібір дәл өздері істегендеріндей жазасын алатын болады.

¹ Абдуллаһ ибн Амрдан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде: «Расында, адам өз ата-анасын лағынеттеу арқылы ең ауыр күнәлардың бірін жасаған болады», — дегені жеткізіледі. Сонда адамдар одан: «Уа Аллаһтың елшісі, адам өз ата-анасын қалай лағынеттеуі мүмкін?» — деп сұрады. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Адам өзгенің әкесін сөгіп балағаттауы, ал ол болса оның әкесін сөгіп балағаттауы, әрі адам өзгенің анасын сөгіп балағаттауы, ал ол болса оның анасын сөгіп-балағаттауы мүмкін!»** — деді (әл-Бухари 5973).

ТӨРТІНШІ ҚҰҚЫҚ: БАЛАЛАРДЫҢ ҚАҚЫЛАРЫ

Балалар дегенге ұл балалар да, қыз балалар да жатады. Балалардың құқықтары өте көп, ал олардың ең маңыздысы — тәрбие, нақтырақ айтқанда олардың бойында діндарлық пен адамгершілікті дамыту әрі болашақта осы сипаттар олардың болмысының басым негізі болуына ықпал ету.

Аллаһ Тағала былай деді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا قُوا أَنْفُسَكُمْ وَأَهْلِيكُمْ نَارًا
وَقُودُهَا النَّاسُ وَالْحِجَارَةُ﴾

«Әй мұминдер! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар (кәпірлер) мен тастардан болған Оттан қорғаңдар (Оның әмірлерін орындаңдар әрі оның тыйымдарынан тыйылыңдар, және өз отбасыларыңды осыған үйретіңдер)» («әт-Тахрим» сүресі, 6-аят)¹.

Әрі Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Сендердің әрқайсыларың бақташы-**

¹ Имам әс-Суюты «әд-Дур әл-Мансурда» былай деді: “Абдур-Разақ, әл-Фирьяби, Сағид ибн Мансур, Абд ибн Хумайд, ибн Жәрир, ибн ул-Мунзир, әл-Хаким және әл-Бәйһақи «әл-Мадхальда» Али ибн Аби Талибтың сөздерінен ол Аллаһ Тағаланың: **«Әй мұминдер! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған Оттан қорғаңдар»**, — деген сөздеріне қатысты: «Өздеріңді әрі жанұяларыңды жақсылыққа үйретіңдер және тәрбиелеңдер», — деп айтқанын жеткізеді”.

Ибн Аббас Аллаһ Тағаланың: **«Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған Оттан қорғаңдар»**, — деген сөздеріне қатысты: «Өз отбасыларыңды тәрбиелеңдер», — деген. Қз.: «әд-Дур әл-Мансур», 8/225.

сыңдар, әрі сендердің әрқайсыларың өзінің қарамағындағылары үшін жауапкершілік көтереді. Билеуші (өзінің қол астындағыларға) бақташы және өзінің қарамағындағыларына жауапты; еркек өзінің жанұясына бақташы әрі өзінің қарамағындағылары үшін жауапкершілік көтереді; әйел өзінің күйеуінің үйінде бақташы болып табылады және өз қарамағындағысына жауапты; қызметші өз қожайының дүниесіне бақташы әрі өз қарамағындағы нәрселер үшін жауапкершілік көтереді; еркек өзінің әкесінің дүниесіне бақташы әрі өзінің қарамағындағысына жауапты; сонымен, сендердің әрбірің бақташысыңдар және өз қарамағындағылар үшін жауапкершілік көтересіңдер» (әл-Бухари, 893; Муслим, 1829).

Балалар өздерінің ата-аналарына аманат ретінде тапсырылған, әрі ата-аналар Қиямет күні осы аманат үшін сұралатын болады. Ата-аналар олардың бойына діндарлық пен адамгершілік тәрбиені сіңдірсе, онда олар жауапкершіліктен құтқарылатын болады. Әрі соның нәтижесінде балалар изгі-салиқалы болып, өз ата-аналарын бұл дүниеде де, Ақырет өмірінде де қуантатын болады.

Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَالَّذِينَ آمَنُوا وَاتَّبَعَتْهُمْ ذُرِّيَّتُهُمْ بِإِيمَانٍ أَلْحَقْنَا بِهِمْ ذُرِّيَّتَهُمْ وَمَا أَلَتْنَاهُمْ
مِّنْ عَمَلِهِمْ مِّنْ شَيْءٍ كُلُّ امْرِئٍ بِمَا كَسَبَ رَهِينٌ﴾

«Сондай иман келтіргендер (және Жәннаттағы жоғары дәрежелерге ие болғандар), олардың ұрпақтары да иман келтіріп өздеріне ілескен болса (бірақ, өз ата-аналарының дәрежесіне жетпесе) оларды (иман келтірген ата-аналарын Жәннатта) өз ұрпақтарына қосамыз. Сондай-ақ олардың амалдарынан (ата-аналарының сый-сауаптарынан) еш нәрсе кемітпейміз. Әркім өз істегенінің бодауына ұсталады (бір адамның істеген күнәсі басқаға жүктелмейді)» («әт-Тур» сүресі, 21-аят).

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқандығы жеткізіледі: **«Адам қайтыс болғанда, оның үш (нәрседен) басқа барлық амалдары тоқтайды: (сауабы) үзілмей жалғасып тұратын садақасы¹, басқа адамдар пайдалана алатын білім, немесе ол үшін Аллаһқа дұға етіп жалбарынатын салиқалы балалары»** (Муслим, 1631). Балаларды салиқалы етіп тәрбиелеудің жемісі, міне, осылай, яғни бұндай тәрбие ата-анаға тіпті олар қайтыс болған соң да пайда келтіреді.

Бірақ, өкінішке орай, көптеген ата-аналар өздерінің міндеттеріне салғырттық танытып, өз балаларын опат етеді, әрі өз балаларын, тіпті өз мойындарында ешқандай жауапкершілік жоқ сияқты, ұмытып қояды. Олар балалары қайда жүргені жайлы сұрамайды және олардың қай уақытта келетініне көңіл де бөлмейді, олардың достары мен жолдастары кімдер екеніне қызықпайды, олаға жақсылықты бұйырмайды әрі жамандықтан қайтармайды. Таң қаларлығы — бұл ата-аналардың өз мал-мүліктерін сақтауға, оны көбейтуге әрі жақсартуға ұмтылатыны, алайда көп жағдайда олар бұл мал-мүлікті өздері үшін емес, басқалар үшін көбейтіп жатады. Ал баларға келер болсақ, олардың балалармен еш шаруасы жоқтығында, алайда олар туралы қам жеу ата-аналар үшін бұл дүниеде де, Ақыретте де маңыздырақ әрі пайдалырақ болып табылады емес пе?! Әрі ата-аналарға өз балаларының өсіп дамуы үшін оларды ішіп-жеумен, киіммен қамтамасыз етуі міндетті болғаны сияқты, оған өз перзентінің жүрегін тақуалық киімімен жауып, оны білімен және иманмен толтыруы да міндетті болып табылады. Әрі игілік, міне, осыда.

¹ Бұл жерде қайтыс болған кісі өзінің өлімінен кейін жарлы-кедейлерге таратуды бұйырған, немесе оларға қайырымдылық мақсаттарда уақф ретінде мал-дүниені мұраға қалдыруы сөз болуда. Мысалы, адам өзінің өлімінен кейін адамдар баратын мешіт соғып берді, немесе оның өлімінен кейін де адамдардың қажетіне жарап жатқан құдық қазды.

Балалардың құқықтарынан — ата-анасының оған өз мал-мүліктерінен ысырапшылдық жасамай және сараңдық танытпай қаржы-қаражат жұмсауы, өйткені бұл оның балаларының алдындағы міндеті әрі Аллаһ Тағалаға Ол оған осы мал-мүлікті бергені үшін шүкіршілік етуі болып табылады. Ендеше қалайша ол сараңдық танытып, оларды осы мал-мүліктен мақұрым етпек, өйткені олар бәрібір оны оның өлімінен кейін алып қояды емес пе? Әрі ол тіпті өз отбасына қатысты бақылдық жасап, оларға жұмсауға тиісті қаржы-қаражатты жұмсамаса, олар бәрібір оның мал-мүліктен олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне жеткілікті болатындай мөлшерде оның рұқсатынсыз алуларына болады. Өйткені мұны Аллаһ Елшісінің өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Хинд бинт Утба атты сахаба әйелге қаулы етті¹.

Балалардың құқықтарынан сондай-ақ ата-ананың оларға сыйлық беруде біреуіне басқаларынан артықшылық бермеуі. Ол балалардың әлдебіреуіне сыйлық беріп, басқасына бермей қоймауы керек. Шындығында, бұл жәбірлеу және әділетсіздік болып табылады, ал Аллаһ әділетсіздерді жақсы көрмейді. Бұл сондай-ақ әділетсіздік көрген балалардың ата-аналары олардан артық санаған балаларға қатысты дұшпандық танытуына келтіруі мүмкін, әрі бәлкім осы ата-аналар мен олардың жәбірлік танытқан балалары арасында да дұшпандық туындауының себебіне айналуы мүмкін.

Кейбір адамдар бір балаларына, олар өздеріне басқаларына қарағанда ізгі болғандықтан, басқаларына қарағанда жақсырақ қарым-қатынас жасап жатады. Әрі тек жақсы қатынас жасағандығы себепті оларды басқаларынан сыйлық берумен

¹ Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған: “Бірде Абу Суфиянның әйелі Хинд Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Ақиқатында, Абу Суфиян — сараң адам, әрі егер мен өзім оның рұқсатынсыз алмасам, ол маған және менің балама жететінін бермейді», — деді, бұған ол: «Өзіңе әрі балаңа әдетке сай жететінін ал», — деді” (әл-Бухари, 5364; Муслим, 1714).

ерекшелейді. Бірақ бұл жағдай бір балаларды басқаларынан артық етуге дәйек бола алмайды, өйткені баланың ата-анаға жақсы қарым-қатынас жасауы сыйлық үшін емес, Аллаһ үшін болуы керек. Бұл сондай-ақ баланың өз салиқалылығымен сүйсініп, өзін басқа аға-інілерінен немесе әпке-қарындастарынан артық көруіне алып келеді. Соның нәтижесінде басқа бала өзін-өзі алыстатып, ата-анасын тыңдамауын жалғастыра беруі де мүмкін. Әрі, кім білсін, бәлкім, ата-анасына ізгі болған бала тыңдамайтын, ал тыңдамай жүрген бала ізгі болып кетуі де мүмкін ғой, өйткені жүректер Аллаһтың қолында, әрі Ол оларды қалағанындай етіп бұрады.

Бухари мен Муслимнің екі Сахих жинақтарында Нуғман ибн Бәширден (Аллаһ оған разы болсын) мынандай хадис келтіріледі: *“Бірде менің әкем маған сыйлық жасады, бірақ Амра бинт Рауаха: «Сен Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) берілген (сыйлыққа) куә болуын сұрамайынша, мен мұнымен келіспеймін», — деді, Сонда (менің әкем) Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп: «Уа Аллаһтың Елшісі, мен Амра бинт Рауаханың атынан ұлыма сыйлық жасадым, бірақ ол маған сізді куә болуға шақыруымды талап етті!», — деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Ал сен тура сондай сыйлықты басқа балаларыңа да жасадың ба?», — деп сұрады. Менің әкем: «Жоқ», — деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Аллаһтан қорқыңдар, әрі (барлық) балаларыңа (бірдей) әділетті болыңдар! Бұл сыйлықты қайтып ал, әрі енді бұлай істеме», — деді, осыдан кейін (менің әкем) кері оралып, маған берген сыйлығын қайтып алды”* (әл-Бухари, 2587; Муслим, 1623)¹.

¹ Имам әш-Шафиғи, Мәлик, Абу Ханифа және Ибн-әл-Мубарак, Аллаһ оларды кең рахымына бөлесін, осы хадистің негізінде сыйлық бергенде қыздар мен ұлдардың арасында теңдік жасау міндетті деп санаған. Ал табиғиндердің имамы Ғато, сондай-ақ Шурайх, Исхақ және Мухаммад ибн әл-Хасан (Аллаһ оларды рахым етсін) сыйлық бергенде, шариғат мирасты бөлгенде

Осы хадистің басқа бір нұсқасында Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Басқаны куә ет, өйткені мен әділетсіздікке куә болмаймын»**, — деді (әл-Бухари 2650, Муслим 1623). Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір баланы басқасынан артық көруді әділетсіздік деп атады, ал әділетсіздік Исламда харам әрі жәбір тигізу болып табылады табылады.

Алайда егер бір бала әлдебір нәрсеге мұқтаж болып жатса, ал басқаларына ол нәрсе қажет емес болса, мысалы, балалардың біреуіне кеңсе заттары, немесе емдеу, немесе үйлену қажет болып жатса, онда ата-ана өз мал-мүлкінен оның қажетіне қаржы-қаражат жұмсап, оның ғана қажетін өтеуінде ешқандай айып әрі әділетсіздік жоқ, өйткені бұл сыйлық беруге емес, қамтамасыз етуге жатады.

Әрі ата-ана өз баласын дұрыс тәрбиелеп, оған қаршы-қаражат жұмсаса, сонысымен ол өз баласының оған ізгі қарым-қатынас жасауына және ата-анасының құқықтарына ерекше қарауына лайықты болады. Ал ата-ана өз балаларының алдындағы міндеттеріне салғырттық танытса, сонысымен ол баласының ата-ана құқықтарын мойындамауында көрініс табатын жазаға лайық болады. Әрі бұл әділ жаза болып табылады, өйткені не берсең, соны аласың.

қыздың үлесін ұлдың үлесінің жартысы еткендей, қыздарға ұлдарға берілгеннің жартысын беру керек деп есептеген. Аллаһ Тағала былай деді:

«...ер адамға екі әйелдің үлесі (тиісті)» («ән-Ниса» сүресі, 176-аят). Қ-з: Ибн Қу-дама «Әл-Муғни» (5/389).

БЕСІНШІ ҚҰҚЫҚ: АҒАЙЫН-ТУЫСТЫҢ ҚАҚЫЛАРЫ

Сенімен туысқандық байланыста болғанның әрбірі өзінің жақындығына сәйкес саған деген қақысы бар. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَاتِذَا الْقُرْبَى حَقَّهُ﴾

«Әрі (уа мүмин, өз) туысқаныңа оның қақысын бер (онымен туыстық қатынасты үзбей ұста, садақа бер...)» («әл-Исра» сүресі, 26-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

﴿وَاعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا وَبِذِي الْقُرْبَى﴾

«Аллаһқа (ғана) құлшылық етіндер әрі Оған (ешкімді және ешнәрсені) серік қоспаңдар, және ата-анаға (шынайы ықыласты түрде сөздермен, істермен, мал-мүлікпен) ізгілік жасаңдар, әрі туысқандарға да...» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят).

Әрбір адам өзінің туысқандарына әдет-ғұрыпта қалыпта-сқан үлгіде қолдау көрсетіп, оларға өз абырой-мәртебесімен, мал-мүлкімен және күшімен жақындық дәрежелеріне және мұқтаждықтарына сәйкес көмек беруі керек. Әрі бұл шариғат және әрбір адамның ақыл-санасы мен тума болмысы талап ететін міндет.

Туысқандық қатынастарды ұстауға үндейтін аяттар мен хадистер өте көп.

Екі «Сахих» жинақтарында Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан хадисі келтіріледі: «*Расын-*

да, Аллаһ Тағала барлық жаратылыстарын жаратқанда, туысқандық байланыс тұрып: «Бұл (Саған) үзілуден пана тілеп жалбарынаатынның (жүгінер) орыны», — деді. Аллаһ: «Ия. Мен сені үзбей ұстайтынның әрбірімен байланысымды үзбей ұстағанымды, әрі сені үзетіннің әрбірімен байланысымды үзуімді қалар ма едің?», — деп сұрады. (Туысқандық байланыс: «Ия, әрине!» — деді.) Раббы оған: «(Ендеше) бұл (саған) берілді», — деді».

Әрі қарай Абу Хурайра былай деді: «Содан соң Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Егер қаласаңдар:**

﴿فَهَلْ عَسَيْتُمْ إِنْ تَوَلَّيْتُمْ أَنْ تُفْسِدُوا فِي الْأَرْضِ وَتَقَطَّعُوا أَرْحَامَكُمْ
أُولَئِكَ الَّذِينَ لَعَنَهُمُ اللَّهُ فَأَصَمَّهُمْ وَأَعَمَّى أَبْصَارَهُمْ﴾

«Егер іс басына келетін болсаңдар (немесе иманнан бет бұрсаңдар, немесе бағынудан бас тартсаңдар) **онда жер жүзінде** (Аллаһқа күпірлік етіп және тыйым салынған қанды төгу арқылы) **бұзақылық істеп, туысқандық байланысты үзесіңдер.** Олар — Аллаһ лағынет етіп (өзінің мейірімінен алыстатып), (өздеріне пайдалы нәрселерді естімейіндей) **саңырау және көздерін** (ақиқатты көрмейтіндей) **соқыр қылғандар.** Әйтпесе олар Құранды түсінбей ме? Немесе олардың жүректері құлыптаулы ма?»¹ — **деген (аяттарды) оқыңдар», — деді»** (әл-Бухари 5987, Муслим 2554).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Кім Аллаһқа және Қиямет Күніне иман келтірсе, туысқандық байланыстарын (үзбей) ұстасын», — деп айтқан** (әл-Бухари 6138).

Көптеген адамдар осы құқықа салғырттық танытып жатады. Олардың кейбірін — Аллаһ біздің барлығымызды түзесін — мал-мүлкімен де, абырой-мәртебесімен де, көркем мінезімен де

¹ «Мухаммад» сүресі, 22–23 — аяттар.

туысқандық қатынастарды байланыстырмайтынын көресіз. Тіпті ондаған күндер, немесе айлар, немесе тіпті жылдар бойы өз туысқандарын көрмейтін, оларға бармайтындар бар¹. Олар өз туысқандарына сүйіспеншілік танытпайды, оларға сыйлықтар сыйламайды, оларға қиын қыстау кездерде көмек бермейді. Тіпті керісінше, олар өз туысқандарына не сөздерімен, не істерімен, не сөздерімен де істерімен де жамандық жасап жатады. Бұндай адам бөтен біреулерге жақсы қарым-қатынас жасайды да, ал өз туысқандарымен қарым-қатынасын үзіп тастайды.

Адамдардың арасында өзімен жақсы қарым-қатынас жасайтын туысқандарымен ғана туысқандықты ұстайтын, ал онымен туысқандық қатынасты үзетін туысқандарымен байланысын үзетіндер де бар, әрі адамдардың көбі, өкінішке орай, осындайларға айналды. Мұндай адам туысқандық қатынасты шынайы ұстайтын адам болып саналмайды, бірақ ол жақсылықпен жақсылыққа қайырушы ғана, ал мұны туысқан да, кез келген басқа да жасай алады. Ал шын мәнісінде теңімен қайыру бұл туысқанның ғана ерекше артықшылығы емес қой. Біз кез-келген адамға жақсылыққа жақсылықпен қайыруымыз керек ғой! Ал туысқандық қатынасты шынайы түрде ұстайтын болып оларды Аллаһ үшін ғана, оған туысқандары жақсылықпен қайырса да, қайырмаса да жалғастырып ұстайтын адам табылады. Имам Бухаридің сенімді хадистер жинағында АбдуЛлаһ ибн Амр ибн әл-Астан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: ***«Туысқандық қатынасты (шынайы) түрде ұстанатын теңімен қайыратын емес, туысқандары***

¹ Абу Бакра атты сахаба (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: ***«Адам (Аллаһтың) қиямет күні оған әзірленген жазасына қоса осы дүниенің өзінде жылдам жазалауына лайықты күнә — бұл зұлымдық (әділетсіздік) және туысқандық қатынасты үзу»*** (хадис сенімді, қ-з: «әс-Сахиха» 918, 978).

онымен қарым-қатынасын үзсе де, ол олармен жалғайтын (адам)» (әл-Бухари 5991).

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен бір кісінің Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа Аллаһтың Елшісі, менің туысқандарым бар әрі мен олармен туысқандық қатынасты үзбей ұстауға тырысамын, бірақ олар оны менімен үзіп жатады, мен оларға жақсылық істеймін, ал олар маған жамандық жасайды, мен оларға жұмсақ мәміле жасаймын, ал олар болса маған дөрекілік жасайды», — дегенін жеткізген. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (оны тындап болып) былай деді: **«Расында, егер іс сен айтқандай болса, онда сен осылай істегеніңді тоқтатпағаныңша олардың ауыздарын ыстық шоққа толтырғандай боласың, әрі сенімен бірге оларға қарсы көмекшің болады»** — деп жауап берді (Мұслим 2558).

Әрі туысқандық қарым-қатынасты үзбей ұстайтынды Аллаһ бұл дүниеде мол ризықпен және ұзақ өмірмен, ал Ақыретте ұлы сый-сауаппен қолдайтыны¹, оған Өзінің мейірімі арқылы көмектесетіні, оның істерін жеңілдететіні, мұң мен қайғыдан құтқаратыны (ұлы сый ретінде) жеткілікті. Туысқандық байланыстарды үзбей ұстау арқылы отбасылар өзара жақындайды, өзара сүйіспеншілік, өзара жанашырлық пен тілеулестік, қиындық кезде және қуаныштарда өзара көмектесу туындайды, ал бұл өз кезегінде жалпының қуанышына алып келеді. Бірақ туысқандық байланыс бұзылса, әрі адамдар бір-бірінен алыстаса, онда осының дәл қарама-қарсысы болады².

¹ Энас ибн Мәликтің былай дегені жеткізіледі: «Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естігенмін: **«Кім ризығының көбейгенін әрі өмір жасының ұзақ болғанын қаласа туысқандарымен байланысын үзбей ұстасын»**» (әл-Бухари 2067, Мұслим 2557).

² Айша анамыздан (оған және оның әкесіне Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [бірде] оған былай деп айтқаны жеткізіледі: **«Расында, кімге жұмсақтық берілген болса, соған осы дүние мен Ақыреттің игілігінен үлкен үлес берілгені. Ал**

АЛТЫНШЫ ҚҰҚЫҚ: ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҚАҚЫЛАРЫ

Некеге тұрудың нәтижелері өте салмақты, әрі ол адамға өте үлкен міндеттемелерді жүктейді. Неке — бұл күйеу мен әйелдің арасындағы олардың әрқайсысынан жұбайының құқтарын талап ететін байланыс. Бұған денемен байланысты құқықтар, мал-мүліктік және әлеуметтік (қоғаммен байланысты) құқықтар жатады.

Ерлі-зайыптының әрбіріне жақсы тұрмыспен өмір сүру әрі өз міндеттерін ізгілікпен және жұмсақтықпен, жек көрусіз немесе оларды орындауды кешіктірусіз орындау парыз болып табылады. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَعَاثِرُوهُنَّ بِالْمَعْرُوفِ﴾

«...әрі олармен (әйелдеріңмен) жақсылықпен (сүйіспеншілікпен, құрметтеумен және олардың құқықтарын орындаумен) өмір сүріңдер» («ән-Ниса» сүресі, 19-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деді:

﴿وَلَهُنَّ مِثْلُ الَّذِي عَلَيْهِنَّ بِالْمَعْرُوفِ وَلِلرِّجَالِ عَلَيْهِنَّ دَرَجَةٌ﴾

«...Әрі олардың (ажырасқан және ажыраспаған әйелдердің) міндеттері сияқты (Аллаһ орнатқан) ғұрыпқа сәйкес хақтары да бар. Ал ерлердің олардың (әйелдердің) үстінен

туысқандық қатынасты үзбей ұстау, көркем мінез және көршілерге деген жақсы қарым-қатынас қоныстарды жандандырады және өмір жасты ұзартады» («Сахиха», 519).

дәрежесі артық (оларды асырап бағу міндеті әрі талақ беру құқығы)» («әл-Бақара» сүресі, 228-аят).

Тура сол сияқты әйел де өз күйеуінің алдында, өзіне жүктелген міндеттерді атқаруы керек. Әрі ерлі-зайыптының әрбірі өзінің міндеттерін орындап тұрғанға дейін олардың өзара тұрмысы бақытты және ұзақ мерзімді болмақ. Ал егер олар өздерінің міндеттеріне салғырттық жасайтын болса, онда оның орнына тек айтыс-керіс пен ұрысу орнайды да, олардың өмірлері бақытсыз болады.

Бізге әйелдердің жағдайына қамқорлық жасауды өсиет ететін әрі кіршіксіз кәміл қарым-қатынастар мүмкін емес екеніне нұсқайтын көптеген қасиетті мәтіндер келген.

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі *«Әйелдерге жақсы қарым-қатынас жасаңдар, өйткені, расында, әйел қабырғадан жаралған, ал оның ең қисық жері жоғарғы жағында (тілінде), әрі егер сен қабырғаны түзетуге тырыссаң, онда оны сындырасың, ал егер оны өз жөніне қойсаң, онда ол сол қисайған күйінде қала береді, сондықтан әйелдермен жақсы қарым-қатынаста болыңдар»* (әл-Бухари 3331, Мұслим 1468).

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында былай деп айтылған: *«Әйел қабырғадан жаратылған, әрі ол ешқашан сен үшін түп-түзу болмайды. Егер онымен ләззат алғың келсе, онда оның бойындағы қисықтыққа қарамастан, одан ләззат ал, бірақ егер сен оны түп-түзу етуге тырыссаң, онда оны сындырып аласың, ал сындыру — бұл онымен ажырасу»* (Мұслим 1468)¹.

¹ Имам ән-Нәуауи: «Бұл хадис әйелдерге жұмсақтық таныту мен жақсы қатынас жасауға, олардың мінездерінің қисықтығына және олардың ақылдарының әлсіздеу екеніне сабыр танытуға, сондай-ақ олармен себепсіз ажырасудың құпталмайтынына нұсқайды», — деді (қ-з: «Шарх «Сахих» Мұслим» 10/57).

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Мүмин ер адам мүмин әйелді жек көрмеуі керек, себебі егер оған оның мінезінің әлдебір тұстары ұнамаса, ол оның басқа жерімен разы болған күйінде қалады»* (Муслим 1469)¹.

Әрі бұл хадистерде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметіне ер адам өз әйеліне қалай қарым-қатынас жасауы керек екеніне және ол өз әйелінен ол одан ала алатын нәрсені ғана талап етуі керек екеніне, өйткені ол өзінің тума болмысы-фитрасы бойынша ешқашан түп-түзу бола алмайтынына, ал қисықтық оның бойынан ешқашан кетпейтініне нұсқаған. Демек ер адам оны ол өзі қандай жаратылған болса, солай қабылдаса ғана одан ләззат алады екен. Бұл хадистерде сондай-ақ әйел кісінің жақсы жақтары мен кемшіліктерін өзара салыстыру керек екеніне, әрі егер оған оның әлдебір сипаттары ұнамаса, онда ол оның бойындағы өзін разы ететін басқа сипаттарына қарауы керек екеніне де нұсқау бар. Күйеуі әйеліне тек наразылықпен және ұнатпаушылықпен қарамауы керек.

Расында, көптеген еркектер өз әйелдерінің барлық жағынан кәміл үлгілі болуын қалайды, ал бұл мүмкін емес! Бұл ұстаным қарым-қатынастардағы қиыншылақтарға және әйел кісіден ләззат алуды жоғалтуға, ал кейде тіпті ажырасуға да алып келеді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «...бірақ егер сен оны түп-түзу етуге тырыссаң, онда оны сындырып аласың, ал сындыру — бұл онымен ажырасу», — деп айтты ғой. Ендеше күйеуі әйелінің істеп жатқан-

¹ Имам ән-Нәуауи былай деді: «Күйеуі әйеліне жек көрушілік танытпауы тиіс, себебі ол әйелде оған жек көрінішті қандай да бір сипат болса, оның сондай-ақ ол разы болатын сипаты да бар ғой. Мысалы, егер ол әйел ашулы болса, сол мезетте ол діндар, немесе сұлу, немесе арлы, немесе ашық мінезді, т.с.с. болуы мүмкін» (қ-з. “Шарх «Сахих» Муслим” 10/58).

дарына қатысты, егер оның істері мен сөздері дінге немесе жалпы адамгершілікке қайшы келмесе, кешірімді болуы керек.

Ер адамның әйелі алдындағы міндеттеріне оның ішіп-жеуіне, киіміне, баспанасына, және осы аталғандардан келіп шығатын барлық нәрселерге қаршы-қаражат жұмсау жатады. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

﴿وَعَلَى الْمَوْلُودِ لَهُ رِزْقُهُنَّ وَكِسْوَتُهُنَّ بِالْمَعْرُوفِ﴾

«Баланың әкесіне ананың тиісті көрегі мен киімін (шариғат және адамдар арасында) қалыптасқан ғұрып бойынша (қамтамасыз ету) міндет» (әл-Бақара» сүресі, 233-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Сендер оларды қалыптасқан ғұрып бойынша тамақтандыруға және киіндіруге міндеттісіңдер»** (Муслим 2137).

Муғауия ибн Хайда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: **“Бірде мен: «Уа Аллаһтың Елшісі, біздің әрқайсымызда әйелдеріміздің қандай қақылары бар?», — деп сұрадым. Ол: «Егер өзің тамақтансаң, оны (да) тамақтандыруың керек, өзің киінсең, оны (да) киіндіруің керексің, және оны бетінен ұрмауың керек әрі жаман сөздер айтпауың керек. Әрі сен оны үйдің ішінде ғана бойкот жасауыңа болады», — деді”** (Абу Дауд 2142, Ибн Мәжһ 1850)¹.

¹ Имам ад-Даракутни, шейх әл-Әлбани хадистің сахихтыңын растаған. Қ-з: «әт-Тәлхыс әл-хабир» 4/1300, «Ируа-ул-Ғалил» 7/98, Қажеттілік болып жатса, оны толық, яғни оған келмей және ол тұратын үйге кірмей, бірақ үйден тыс етпей, тастап қоюға болады. Бұған келесі хадистер дәлел болады:

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай дейтін: «Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің әйелдеріне бір ай жоламауға ант етті, әрі ол өзінің бөлмесінде тұрып жатты» (әл-Бухари 1911, 5201)

Умм Сәләма (анамыздан, Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің кейбір әйелдеріне бір ай бойы кірмейтіні туралы ант еткені туралы жеткізілген. Жиырма тоғыз күн өткенде ол оларға келді, әрі сонда олардың біреуі оған: «Уа Аллаһтың Пайғамбары, сіз бізге бір ай кірмеу туралы ант бердіңіз ғой», — деді, бұған ол:

Әйелдің күйеуінің мойнындағы құқықтарына сондай-ақ егер ер адамның бірнеше әйелі болса, олардың арасында әділдік таныту да жатады. Әділдік оларға қаржы-қаражат жұмсауда және оларды баспанамен қамтамасыз етуде, олардың арасында түндерді бөлуде, әрі әділдік танытуға болатын басқа да нәрселерде орындалуы керек. Расында, екі әйелдің біріне ауып кету үлкен күнәлардың бірі болып табылады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Кімнің екі әйелі болып, ол солардың біреуіне ауып кетсе, сол Қиямет Күні бір жағы сал болған күйінде қайта тіріледі!»**, — деп өз ұмметін ескерткен (Абу Дәуд 2133, әт-Тирмизи 1141, Ибн Мәжәһ 1969)¹. Алайда кейбір мәселелерде, мысалы, махаббат пен жан тыныштығын табуда, адам барлық әйеліне бірдей әділ бола алмайды. Бұл жағдайда оған күнә жазылмайды, өйткені ол бұған қатысты шамасыз, яғни ерікті емес. Әрі бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَلَنْ تَسْتَطِيعُوا أَنْ تَعْدِلُوا بَيْنَ النِّسَاءِ وَلَوْ حَرَصْتُمْ﴾

«(Бірақ) ай жиырма тоғыз күн болуы (мүмкін ғой)», — деді (әл-Бухари 5202, Мұслим 1085).

Хафиз Ибн Хәжар былай деді: «Ақиқат — (қырсық әйелге бойкот жариялау) жағдайға қарай өзгешеленетінінде. Мүмкін, үй ішінде жүріп бет бұру үйден кетіп қалудан әсерлірек болар, әрі мүлде керісінше де болуы мүмкін. Мұның үстіне, жиі жағдайда үйде жүріп тастап қою көбірек азап шектіреді, әсіресе, бұл әйелдерге қатысты, өйткені олардың жаны нәзік (әлсіз) болады. Ғалымдардың көпшілігі оларға кіріп-шығуды және қастарында болуды доғару туралы сөз болуда деп есептеген, бұған аяттың сыртқы мағынасы нұсқайтындай, себебі қашқақтау — бұл алшақтау. Сондай-ақ мұның сыртқы мағынасы онымен жыныстық қатынаста болмауда. Сондай-ақ «мұның мағынасы онымен бір керуетте жатып, бірақ одан теріс қарап ұйықтау» деп те айтылған. Сондай-ақ «ол әйелімен жыныстық қатынасқа түседі, бірақ онымен сөйлеспейді» деп те айтылған». Қз.: “Фәтхул-Бәри” 9/301.

Егер күйеуі тыңдамайтын әйелін тәрбиелеу мақсатында онымен сөйлеспей жүрсе де, бәрібір ол оның сәлеміне, т.с.с. маңызды сұрақтарына жауап беруі керек.

¹ Хадистің сенімділігін Ибн Ғади, Ибн Касир, әл-Әлбани және басқалар растаған. Қз.: «әл-Кәмил» 8/446, «Сахих-ут-Тарғиб» 1949.

«Әрі сендер (уа ерлер) тіпті егер тырыссаңдар да, әйелдеріңнің арасында (жақсы көруде толық) әділ бола алмайсыңдар» («ән-Ниса» сүресі, 129-аят).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз әйелдеріне әділ қарым-қатынас жасайтын әрі олардың арасындағы күндерді тең бөлетін, алайда осы орайда: **«Уа Аллаһ! Мен иелік еткенімді осылай бөлемін. Сен Өзің иелік ететін әрі мен иелік ете алмайтын нәрселер үшін мені жазғыра көрме!»** — деп айтатын (Абу Дәуд 2134, әт-Тирмизи 1140, Ибн Мәжаһ 1971).

Алайда егер күйеуі түндерді бөлуде әлдебір әйеліне басқасына қарағанда артықшылық берсе, әрі екінші әйелі осыған келіссе, онда бұда ешқандай айыпты нәрсе жоқ. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сауда анамыз өзінің түндерін Айша анамызға сыйлаған соң Айша анамыздың үйінде оның өзінің түнін және Сауда анамыздың түнін қоса өткізетін. Әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлім алды халінде жатқан кезінде өз әйелдерінен: **«Мен ертең қайдамын? Мен ертең қайдамын?»** — деп сұрайтын. Әрі әйелдері оған қалаған үйінде болуды рұқсат етті, сонда ол қайтыс болғанына дейін Айша анамыздың үйінде болды (әл-Бухари 5217, Муслим 2443).

Ал енді әйелдің мойнындағы ер адамның қақыларына келер болсақ олар әйелдің қақыларынан едәуір маңыздырақ болып табылады. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

﴿وَلَهُنَّ مِثْلُ الَّذِي عَلَيْنَهُنَّ بِالْمَعْرُوفِ وَلِلرِّجَالِ عَلَىٰهِنَّ دَرَجَةٌ﴾

«...Әрі олардың (ажырасқан және ажыраспаған әйелдердің) міндеттері сияқты (Аллаһ орнатқан) ғұрыпқа сәйкес хақтары да бар. Ал ерлердің дәрежесі олардың (әйелдердің) үстінен артық (оларды асырап бағу міндеті әрі талақ беру құқығы)» («әл-Бақара» сүресі, 228-аят).

Ер адам әйел адамның үстінен қамқоршы әрі тәрбиеші басшысы болып табылады, ол оның игілігі мен есендігі, тәрбиесі жөнінде қам жасайды әрі оны бағыттап отырады. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

﴿الرِّجَالُ قَوَّامُونَ عَلَى النِّسَاءِ بِمَا فَضَّلَ اللَّهُ بَعْضَهُمْ عَلَى بَعْضٍ وَبِمَا أَنْفَقُوا مِنْ أَمْوَالِهِمْ﴾

«Ерлер әлдердің үстінен тұрады (оларға басшылық жасайды), өйткені Аллаһ (өзінің даналығымен) олардың кейбіріне (ерлерге) басқаларының (әлдерінің) үстінен артықшылық берді, әрі олар (ерлер) өз мал-мүлкінен нәпақа беретіні үшін (яғни әйелдеріне неке сыйлығын (махр) береді және оларды қамтамасыз етеді)» («ән-Ниса» сүресі, 34-аят).

Әйел адамның өз күйеуінің алдындағы міндеттеріне сондай-ақ оның сырлары мен мал-мүлкін сақтау, әрі Аллаһқа мойынсұнбаушылық, яғни күнә болып табылмайтын барлық нәрседе бағыну да жатады.

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: **«Егер мен Аллаһтан өзгеге сәжде жасауды бұйыра алғанымда, әйелге күйеуінің алдына сәжде жасауын бұйырар едім»** (Абу Дауд 2140, Тирмизи 1159; хадис хасан (жақсы); қз.: «Сахих әл-Жәмиғ» 5295)¹.

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны да жеткізіледі: **«Егер еркек әйелін төсекке шақырса, ал әйелі келмесе, және ер кісі түнді сол бойы әй-**

¹ Шейх әл-Мубаракфури былай деді: «Мұның себебі күйеуінің әйелдегі қақыларының көптігінен және әйелдің күйеуіне толығымен ризалығын білдіре алмайтынында. Осы (мысалда) әйелдің күйеуіне бағыну міндеті ең жоғарғы дәрежеде баса айтылып отыр, себебі сәждені Аллаһтан басқа ешкімге жасауға рұқсат етілмеген!» (қз. "Тухфатүл-әхуази" 4/323).

еліне ашуланып өткізсе, періштелер оны таңға дейін лағынет айтады!» (әл-Бухари 5193)¹.

Әйелдің мойнындағы күйеуінің құқықтарына сондай-ақ ол онымен толық ләззат алуына кедергі болатын тіпті нәпіл ғибадат амалдарын да жасамауы жатады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Әйел кісіге өзінің күйеуінің жанында оның рұқсатынсыз ораза ұстауына рұқсат етілмейді, әрі оған оның рұқсатынсыз үйіне әлдебіреуді кіргізуіне де рұқсат етілмейді»** (әл-Бухари 5195, Муслим 1026).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күйеуінің өз әйеліне разы болуын оның Жәннатқа кіруіне себеп етті. Имам әт-Тирмизи Умм Сәләма (анамыздан) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: **«Күйеуі оған разы болған күйінде қайтыс болған кез-келген (мұсылман) әйел Жәннатқа кіреді»** (әт-Тирмизи 1161, Ибн Мәжаһ 1854)².

¹ Ал Муслимнің келтірген нұсқасында былай делінген: «Және Көктегі (Аллаһ) оның күйеуі оған разы болмайынша, оған ашуланатын болады» (Муслим 1436).

² Әл-Мунзири, әз-Заһаби және әл-Әлбани хадистің жеткізушілер тізбегінде екі белгісіз риуаятшы (жеткізуші) бар болғандығы себепті ол әлсіз хадис болып табылады деген. Қ-з: «әт-Тарғиб уа-т-тарғиб» 3/97, «әл-Уахият» 2/141, «Тәлхис әл-ғиләл» 211, «Дағиф-ул-жәмиғ» 2227.

Бірақ хадистің мағынасының дұрыс екені мына сенімді хадиспен расталады: Хусайн ибн Михсан (Аллаһ оған разы болсын) былай дейтін: **«Менің әпкем маған мынаны айтып берді: «Бірде мен Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір қажетіммен келген болатынмын. Ол менен: «Сенің күйеуің бар ма?», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап берді. Ол тағы да: «Онымен қарым-қатынасың қандай?», — деп сұрады. Мен: «Оған қолымнан келгенінше бәрін істеймін», — деп жауап бердім. Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұған: «Мұқият бол, саған оған жету қайда? Шынында, ол сен үшін Жәннат пен Тозақ», — деді»** (Ахмад 4/341, әл-Хаким 2/189, әт-Табарани "әл-Әусат" 1/170; хафиз әл-Мунзири және шейх әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады).

Имам әл-Мунауи былай деді: «Яғни күйеуің — оның саған разы болуына бола, сенің Жәннатқа, ал оның саған разы болмауына бола сенің Тозаққа

ЖЕТІНШІ ҚҰҚЫҚ: БАСШЫЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ ҚОЛАСТЫНДАҒЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Басшы — бұл мұсылмандардың істерін басқаратын адам, мейлі бұл мемлекет басшысының билігі сияқты жалпы билік, немесе белгілі бір мекемедегі немесе жұмыс орнындағы басшылық сияқты шектелген билік болса да. Қалай болған жағдайда да, осы билікке ие адамдардың барлығында олардың қоластындағылар орындауға міндетті қақылары бар. Дәл сол сияқты қоластындағылардың да басшылар орындауға міндетті құқықтары бар.

Басшылардың өз қол астындағыларының алдындағы міндеттеріне Аллаһ олардың мойындарына жүктеген әрі оларды міндеттеген осы іске адалдықпен қарау жатады. Бұған қоластындағыларға ықыласты қарым-қатынас жасау, оларды бұл дүниемен ақыретте пайдамен қамтамасыз ететін дұрыс әрі сенімді жолға бағыттау болып табылады. Ал бұған тек мұминдердің жолына ілесу арқылы ғана қол жеткізуге болады, ал бұл Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолы, өйткені, расында, бұл жолда елбилеушілер мен басшылардың өздеріне де, олардың билігі мен басшылығының астында болғандарға да игілік қамтылған.

Ал енді билік астындағылардың өз билеушілерінің алдындағы міндеттеріне келер болсақ, онда бұл — өздеріне сеніп тапсырылған нәрселерде оларға қатысты ықыласты болу, олар

кіруіңнің себебі. Сондықтан да оған жақсы қатынас жаса және күнәсі жоқ мәселеге қатысты оның бұйрығына қарсы шықпа» (қз.: "Фәйдул-Қадир" 2744).

салғырттық жасап жатса, оларға насихат айту, олар ақиқаттан ауытқып жатса, олар үшін Аллаһтан тура жол сұрап дұға ету, әрі Аллаһқа мойынсұнбаушылық болып табылмайтын нәрселерде олардың әмірлерін орындау.

Әрі, расында, билеушілерге бағынуда қоғамдағы үйлесімділік пен реттілік және тәртіп бар, ал билеушілерге мойынсұнбау мен оларға бағынбау ретсіздік пен тәртіпсіздіктің таралуына алып келеді. Сондықтан да Аллаһ Тағала Оның Өзіне бағынуды әрі Өзінің Елшісіне бағынуды әрі билік иелеріне бағынуды бұйырды. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِيَ الْأَمْرِ مِنْكُمْ﴾

«Әй иман келтіргендер! Аллаһқа мойынсұныңдар және Елшіге мойынсұныңдар әрі араларыңдағы билік иелеріне де (Аллаһқа мойынсұнбаушылық болып табылмайтын нәрселерде)» (ән-Ниса) сүресі, 59-аят).

Пайғамбарымыз да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Әрбір мұсылман әмірге бағынуы және оған ұнаған нәрседе де, ұнамаған нәрседе де құлақ асуы міндетті, **тек ол (Аллаһқа) мойынсұнбауға бұйырмаса ғана, өйткені (мұндай жағдайда) оған құлақ аспау да, бағынбау да керек болады**», — дегені жеткізіледі (әл-Бухари 2955, Мұслим 1839).

Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деп баяндаған: «Бірде біз Пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге сапарда болған кезімізде, бір мекенде тоқтадық, әрі Аллаһ Елшісінің азанышы: «Жалпы намаз!» — деп шақырды әрі біз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдына жиналдық. Сонда ол былай деді: **«Расында, менен бұрын өмір сүрген пайғамбарлардың әрбірінің міндеті өз үмметіне өзі сол туралы білетін оларға игілік болып табылатын нәрсені нұсқау, әрі өз үмметін өзі сол туралы білетін оларға жамандық алып келетін нәрселерден ескерту болатын. Ал сендердің**

осы үмметтерің келер болсақ, онда оның бас жағында оларға игілік сый етіледі, ал оның аяқ жағында олардың бастарына қасірет келіп тиеді әрі сендер ұнатпайтын нәрселер орын алады. Сендерге сынақтар келеді, әрі олардың әрбірінен кейін одан бұрынғысы жеңіл болып көрінеді. Әрі мұмин адам: «Міне, осы, осы мені опат етеді», — деп айтатындай бүлік-сынақ келеді, бірақ кейін ол тоқтап, содан кейін басқа сынақ келеді де, мұмин адам: «Міне, осы, осы мені опат етіді», — дейді. Ендеше кім өзінің Оттан алыстатылып, Жәннатқа жақындатылғанын қаласа, Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген күйінде өлімді қарсы алсын, әрі адамдармен олар онымен қалай қарым-қатынас жасағанын қаласа, солай қарым-қатынас жасасын. Әрі кім елбасшыға ант етіп, оған қол берсе, оған қатысты жүрегімен ықыластылық танытсын әрі шамасы жеткенше оған бағынсын. Ал егер басқа біреу келіп (біріншісімен билік үшін) таласса, онда екіншісінің басын жауып тастаңдар!» (Муслим 1844).

Тура сол сияқты бір кісі Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа Аллаһтың Пайғамбары, егер елбасшы бізден өзінің қақыларын талап етіп, біздің қақыларымызды бұзып жатса, сіз бізге не істеуді әмір етесіз?» — деп сұрады. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан теріс бұрылды, сонда ол сұрағын қайталады. Әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Тыңдаңдар әрі бағыныңдар, өйткені оларға өздерінің міндеттері, ал сендерге өздеріңнің міндеттерің жүктелген»,* — деді (Муслим 1846).

Билік астындағылардың міндеттеріне сондай-ақ өз елбасшыларына көмектесу, оларға маңызды мақсаттарды іске асыруда қолдау көрсету, әрі осы арқылы олардың мойнына қойылған міндеттерді іске асыруға жәрдемдесу де жатады.

Елбасшылар мен олардың қол астындағылардың арасындағы әрі қоғамдағы істер дұрыс жүруі үшін, әркім қоғамдағы

өзіне жүктелген рөлі мен жауапкершілігін білуі керек. Өйткені егер билік астындағылар билеушілерге оларға жүктелген істерде көмектеспесе әрі қолдау жасамаса, онда істер талап етілетіндей лайықты болмай ды.

СЕГІЗІНШІ ҚҰҚЫҚ: КӨРШІЛЕРДІҢ ҚАҚЫСЫ

Көрші — бұл сенімен жақын тұратын адам. Оның сендегі қақысы өте үлкен. Ал егер ол бұған қоса сенің туысқаның әрі мұсылман болса, онда оның сен атқаруға тиісті үш қақысы болады: көршілік қақысы, туысқандық қақысы әрі ислам, яғни мұсылмандық қақысы. Ал егер ол мұсылман болса, бірақ туысқандарыңа жатпаса, онда оның саған екі: көршілік және мұсылмандық — қақысы бар. Тура сол сияқты егер ол саған туысқан болып келсе, бірақ мұсылман болмаса, онда оның туысқандық әрі көршілік қақысы болады. Ал егер ол туысқаның да, мұсылман да емес болса, онда оның сенің мойныңдағы бір-ақ көршілік қақысы қалады.

Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا وَبِذِي الْقُرْبَىٰ وَالْيَتَامَىٰ وَالْمَسَاكِينِ وَالْجَارِ ذِي الْقُرْبَىٰ وَالْجَارِ الْجُنُبِ﴾

«...және ата-анаға (шынайы ықыласты түрде сөздермен, істермен, мал-мүлікпен) ізгілік жасаңдар, әрі туысқандарға да, жетімдерге де, кедейлерге де, және туысқан болған көршіге де, әрі (туысқан болмаған) көршіге де...» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят).

Әрі Пайғамбарымыз да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Жәбірейіл маған көршіге жақсы қарым-қатынас жасау туралы тоқтамай насихат айта бергені сонша, мен тіпті ол оны мирасқорлар қатарына қосады ма деп ойладым»** (әл-Бухари 6014, Муслим 2624).

Сондықтан да көршілердің бір-бірінің алдындағы міндеттерінен: шамалары жеткенше өзара жақсылық жасау болып табылады, мейлі ол мал-мүлікпен немесе абырой-мәртебемен

қолдау көрсету, немесе басқа әлдебір пайдалы нәрсемен көмектесу болса да. Өйткені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Аллаһ Тағаланың алдындағы ең жақсы көрші өз көршісіне ең жақсы қарым-қатынас жасайтыны»**, — деп айтқан (әт-Тирмизи 1944).

Бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының бірі болған Абу Заррға: **«Егер сорпа қайнатсаң, көбірек су қосып, көршілеріңе де қамқорлық жаса»**, — деп бұйырған болатын (Муслим 2625).

Көршінің қақыларынан — оларға сөздермен де, іс-амалдармен де зиян тигізбеу. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде: **«Аллаһпен ант етемін, иман келтірмейді! Аллаһпен ант етемін, иман келтірмейді! Аллаһпен ант етемін, иман келтірмейді!»**, — деп үш рет қайталап айтқан кезде, адамдар одан: «Уа Аллаһтың Елшісі! Сіз кімді меңзеп тұрсыз?», — деп сұрады. Әрі ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сонда: **«Көршілері оның жамандығынан аман болмаған адам»**, — деп жауап берді (әл-Бухари, 6016; Муслим, 46)¹.

Әрі көршісі оның жамандығынан есендікте болмаған көрші иман келтірген болмайды әрі Жәннатқа кірмейді².

¹ Хадистің басқа нұсқасында: **«Көршісі оның жамандығынан аман болмаған адам Жәннатқа кірмейді»**, — деп айтылған (Муслим 46).

² «Жәннатқа кірмейді» деген сөздер келесі екі мағынаны қамтуы мүмкін:

1) Егер адам көршісіне зиян тигізудің шариғат тарапынан тыйым салынғанын (харам) екенін біле тұра оны рұқсат етілген (халал) деп санаса, онда ол кәпір болады және мүлдем Жәннатқа кірмейді.

2) Ал егер мұсылман адам осы күнәны жасап жатып, оның шариғат тарапынан тыйым салынған (харам) екенін мойындаса, онда ол не Жәннатқа алғашқылар қатарында кірмейді, не болмаса Жәннатқа есеп-хисапсыз және жазаланусыз кіре алмайды. Өйткені әһлу-Сунна уә-жәмағаның наным-сенімі бойынша мұсылман болып қайтыс болған кез-келген адам ерте ме, кеш пе, бәрібір Жәннатқа кіреді. Қ-з: «Шарх Сахих Муслим» 17/191, «Шарх ақида әт-Тахауия» 318.

Өкінішке орай, бүгінгі күні көптеген адамдар көршілік құқықтарды орындауға мән бермей жатады, әрі олардың көршілері олардың жамандығынан аман емес халде өмір сүруде. Әрі сіз олардың өз көршілерімен үнемі айтысып-тартысып жүргенін, олардың арасында таусылмайтын келіспеушілік болатынын, олардың біреулері басқаларының құқықтарына қол сұғып, бір-біріне сөздерімен және істерімен зиян тигізіп жататынын көресіз. Мұның барлығы Аллаһ пен Оның Елшісі әмір еткен нәрселерге қайшы келеді әрі мұсылмандар арасындағы араздықтың, олардың жүректерінің бір-бірінен алшақтауының әрі олардың өзара қол сұғылмаушығына немқұрайлы қарауна себеп болады.

ТОҒЫЗЫНШЫ ҚҰҚЫҚ: МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ӨЗАРА ЖАЛПЫ ҚАҚЫЛАРЫ

Мұндай қақылар өте көп. Олардың қатарынан имам Муслимнің сенімді хадистер жинағында Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) сенімде түрде жеткізілген Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Мұсылман адамның басқа мұсылманға қатысты міндеттері алтау»*, — деп айтқан хадисіндегі міндеттер. Сол кезде (адамдар) одан: «Бұл не міндеттер, уа Аллаһтың елшісі?» — деп сұрады, әрі Аллаһтың Елшісі: *«Егер мұсылманды кездестірсең, оған сәлем бер, егер ол сені шақырса, шақыруын қабылда, егер ол сенен кеңес сұраса, оған кеңес бер, егер ол түшкіріп, ізінен: «Әл-хамду-лиЛләһ (бүкіл мақтау Аллаһқа)», — деп айтса, оған («Ярхамука-Ллаһ (Аллаһ сені рахымына бөлесін), — деп) игілік тіле, егер ол аурып қалса, оны зиярат жасап бар, ал егер ол қайтыс болса, онда оны шығарып сал (оның жаназасына қатыс)»*, — деп жауап берді (Муслим 2162). Бұл хадисте мұсылмандардың өзара кейбір міндеттерінің түсіндірмесі қамтылған:

Бірінші құқық: сәлемдесу. «Әс-сәләму ғаләйкум», — деп сәлемдесу — Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешқашан тастамаған сүннеті. Ол мұсылмандардың арасында бірлік пен өзара сүйіспеншілік орнауының себептерінің бірі болып табылады, әрі бұл әп-айқын ақиқат. Бұған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Аллаһпен ант етемін, сендер иман келтірмейінше Жәннатқа кірмейсіңдер, әрі бір-біріңді жақсы көрмейінше иман келтірмейсіңдер. Ендеше сендерге, егер сендер соны істесеңдер, бір-біріңді жақсы көретін нәрсеге нұсқайын ба?!*

Өзара сәлемді таратыңдар», — деген хадисі нұсқайды (Муслим 54). Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) егер әлдебір адамды кездестірсе, сәлемдесуден бастайтын.

Жасы кіші жасы үлкенге, азшылық болған топ көпшілік болған топқа, көліктегі адам жаяу адамға бірінші болып сәлемдесуі сүннет болып табылады. Алайда егер бірінші сәлем беруге тиісті болған адамдар бұл сүннетті орындамаса, онда оны басқалар орындауы керек, өйткені сәлемдесуді тастауға болмайды. Яғни егер жасы кіші адам жасы үлкен адамға бірінші болып сәлем бермесе, онда жасы үлкен адам жасы кіші адамға сәлем берсін. Ал егер азшылық болған топ көпшілік болған топпен бірінші болып сәлемдеспесе, онда көпшілік болған топ азшылық болған топпен бірінші болып амандасуы керек. Өйткені осылайша олар сый-сауапқа ие болады.

Аммар ибн Ясир атты сахаба (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген екен: *«Толық мағынадағы иман келесі үш сипатқа ие адамға тән: әділдік (ынсаптылық), барлық адамдарға сәлем беру және кедейлікке қарамастан мал-мүлкін (Аллаһ жолына) сарп ету»* (әл-Бухари, № 28; шейх әл-Әлбани хадисті сенімді деген; қ-з: «әл-Калим-ут-тойиб» 197). Әрі егер бірінші болып сәлемдесу сүннет, яғни құпталатын бірақ міндетті емес амал болса, оған жауап беруге келер болсақ, олар уәжіп, яғни міндетті болып табылады. Бірақ егер топ ішіндегі адамдардың арасынан сәлемге кейбір адамдар ғана жауап берсе де, басқаларынан бұл міндеттілік түседі. Егер бір адам түгел топқа сәлем берсе, әрі олардың ішінен тек біреуі ғана жауап қайырса, бұл жеткілікті болады. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَإِذَا حُيِّئْتُمْ بِهِ فَاَحْسِنُوا بِهَا أَوْ رُدُّوهَا﴾

«Әрі сендерге (әлдебір үлгіде) сәлем берілсе, (мысалы: «Әс-сәләму ғаләйкум!» немесе «Әс-сәләму ғаләйкум уа рахмату-Ллаһ!» деген сөздермен), онда сендер де одан жақсысымен сәлемдесіңдер, не (дәл солай) қайырыңдар» (ән-Ниса) сүресі, 86-аят).

Әрі «Әс-сәләму ғаләйкум» деген ислами сәлемдесуге: «Қош келдіңіздер», — деп, немесе басқа осы сияқты сөздермен жауап беру жеткіліксіз болады, өйткені бұл одан жақсы сәлемдесуге де, дәл сондай сәлемдесуге де жатпайды. Егер саған: «Әс-сәләму ғаләйкум», — деп айтылса, онда сен: «Уа ғаләйкуму-с-сәләм», — деп жауап беруге міндеттісің, ал егер саған «Қош келдіңіз», — деп сәлем берілсе, онда сен де сол сияқты жауап беруің керек. Бірақ «әс-сәләму ғаләйкум» деген сәлемдесуді қоссаң, бұл жақсырақ болмақ.

Екінші құқық: егер мұсылман адам сені шақырса, онда оның шақыруына жауап бер. Егер ол сені өз үйіне тамаққа, немесе басқа себеппен шақырса, онда бұл шақыруды қабыл ал. Шақыруға жауап беру бекітілген сүннет болып табылады. Шақыруға жауап беру арқылы сен шақырып жатқан адамның жүрегіне қуаныш саласын әрі бұл өзара сүйіспеншілік пен достықтың орнауына алып келеді. Бұдан ерекшеленетін тек үйлену дастарханына шақыру болып табылады, өйткені оған жауап беру белгілі шарттармен міндетті (уәжіп) болып табылады. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Ал кім шақыруды қабылдамаса, сол Аллаһ пен Оның Елшісіне мойынсұнбады»**, — деп айтқан (Муслим 1432, әл-Бухари 5177).

Әрі Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) **«...егер ол сені шақырса, шақыруын қабылда»** деген сөздерінің мағынасы өзінің құрамына ол сені көмекке шақыруын да қамтуы әбден иқтимал. Егер ол сені әлдебір нәрсені көшірісуге немесе жеткізіп тастауға көмекке шақырса, онда сен үшін оған көмектесу міндеті болады. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі): **«Мүминдер бір-біріне қатысты бір құрылыс секілді: оның бөліктері бірін-бірі мығым етіп тұрады»**, — деп айтқан (әл-Бухари 2446, Муслим 2585).

Үшінші құқық: егер ол сенен кеңес сұраса, оған кеңес бер. Яғни ол саған әлдебір нәрсеге қатысты кеңес-насихат сұрап келсе, онда сен оған көмектесуің керек. Бұл нәрсе діннің бір бөлігі болып табылады, өйткені Пайғамбарымыз (оған Ал-

лаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Дін — бұл Аллаһқа, Оның Кітабына, Оның Елшісіне, мұсылмандардың елбасшылары мен дінбасшыларына және жалпы барлық мұсылмандарға қатысты ықыласты қатынас»*, — деп айтқан (әл-Бухари муғалләк түрінде (35-бет), Муслим 55).

Ал егер ол сенен кеңес-насихат сұрамаса да, алайда күнәлар жасап, өзіне өзі зиян тигізіп жатса, онда сенің оған насихат айтуың міндетті болады, тіпті ол саған өзі насихат сұрап келмесе де. Осы ісін арқылы сен мұсылмандардан зиян мен айыпты нәрселерге тойтарыс жасайсың. Ал егер ол істейін деп жатқан нәрселерде зиян мен күнә болмаса, бірақ сен оның істейін деп жатқан нәрсесінен басқа нәрсе жақсырақ деп білсең, онда сен оған мұны айтуың міндетті емес, тек егер оның өзі сенен кеңес-насихат сұрамаса ғана, бұндай жағдайда оған кеңес беру қажет болады.

Төртінші құқық: егер ол түшкіріп, Аллаһқа мақтау айтса, онда оған: «Ярхамука-Ллаһ» (Аллаһ сені рахым етсін) деп, оның түшкіргеннен кейін Аллаһқа мақтау айтқаны үшін, алғысың ретінде дұға тіле. Ал егер ол түшкіріп, бірақ «Әл-хамду ли-Лләһ» деп Аллаһқа мақтау айтпаса, онда бұл құқыққа ие болмайды, әрі оған дұға жасалмайды, өйткені ол Аллаһқа мақтау айтпады әрі осынысы үшін ол осы дұғадан мақұрым болады¹.

Түшкірген адам Аллаһты мақтаған болса, ол үшін Аллаһтан рахым тілеу міндетті болып табылады. Ал түшкірген адам бұл дұғаға: «Яһдийкуму-Ллаһу уә юслиху бәәләкум (Аллаһ сізді

¹ Энас ибн Маликтің (Аллаһ оған разы болсынбылай дегені жеткізіледі: «(Бірде) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасында екі кісі түшкірді, әрі ол олардың біреуіне: **«Ярхамука-Ллаһ (Аллаһ сені рахым етсін)»**, — деп айтты да, екіншісіне мұны айтпады. (Сонда) өзіне осы сөздер айтылмаған адам: “Сіз пәлен түшкіргенде, оған: «Ярхамука-Ллаһ (Аллаһ сені рахым етсін)», — деп айттыңыз, ал мен түшкіргенде, маған бұлай айтпадыңыз ғой?” — деді. (Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): **«Мынау (адам) Аллаһқа мақтау айтты, ал сен Аллаһ Тағалаға мақтау айтпадың!»** — деді» (әл-Бухари 6225, Муслим 2991).

тура жолмен жүргізіп, істеріңізді түзетсін», — деп жауап қайыруы керек. Ал егер ол түшкіруін тоқтамай жалғастыра берсе, әрі сен оған үш рет дұға жасаған болсаң, онда төртінші реттен кейін оған: «Ғафаака-Ллаһ (Аллаһ сені сәлемет етсін), расында, сен тұмауратып қалыпсың», — деп айт¹.

Бесінші құқық: егер ол ауырып қалса, оны зиярат жасау. Науқас адамды оның көңілін сұрап зиярат ету — бұл адамның өз мұсылман бауырларының мойнындағы қақысы. Ал оларға бұл құқықты орындау міндетті болып табылады, ал егер науқастанған адам жақын дос немесе көрші болса, онда бұл міндет одан сайын күшее түседі. Науқас адамды зиярат жасағанда оның қал-жағдайын да, оның ауруының ауыр немесе жеңіл екенін ескеру қажет. Бәлкім, жағдай оған жиі барып тұруды, немесе, керісінше, жиі мазаламауды талап ететін шығар. Ең дұрысы, зиярат етудің санын науқас адамның қал-жағдайына байланысты таңдау болып табылады.

Науқас адамды зиярат жасап барғанда оның қалын сұрау, ол үшін дұға ету, оның жүрегіне қуаныш пен үміт салу сауапты істерден болып табылады, өйткені бұл нәрселер аурудан жазылып кетудің басты себептеріне жатады. Сондай-ақ оның есіне тәубе ету керек екендігін де салып қоюға болады, бірақ мұны барынша жұмсақ түрде, оған үрей мен қорқыныш салмай жасау керек. Мысалы, оған: «Бұл ауру сіз үшін игілік болуы мүмкін, өйткені Аллаһ осы арқылы күнәларды кешіріп, қателіктерді өшіреді, әрі сіз осы жұмыстан босап қалған уақытыңызды Аллаһты зікір етуге, Одан кешірім сұрап, дұға жаса-

¹ Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Егер сендердің біреуін түшкірсе, онда жолдасы оған: *«Ярхамука-Ллаһ (Аллаһ сені рахым етсін)»*, — деп дұға-тілек айтсын. Ал егер адам үш реттен көбірек түшкірсе, демек, ол тұмауратып қалғаны, әрі үшінші реттен кейін оған (бұл) дұға-тілек айтылмайды”, — деп айтқанын естідім» (Ибн-ус-Сунни 251 және Ибн Асакир «Тарих Димашқ» ктабында 2/391/2; хафиз ас-Суюты және шейх әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады, қ-з: «Жәмиғ әс-сағир» 759, «әс-Силсила әс-сахиха» 1330).

уға арнасаңыз, көп сый-сауапқа ие бола аласыз», — деп айтуға болады.

Алтыншы құқық: егер ол қайтыс болса, онда оны соңғы сапарына шығарып салу. Мұсылманның өз бауырының алдындағы міндеті оны жерлеуге көмектесу болып табылады. Бұған қоса бұл үшін оған Аллаһтың алдында үлкен сый-сауап та қарастырылған. Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімді түрде жеткен хадисте: **«Кім жаназа намазына соңына дейін қатысса, соған бір қырат сауап болады, ал кім жерлеу рәсімінің соңына дейін қалса, соған екі қырат сауап болады»**, — деп айтылған. Адамдар сол кезде: «Ал бұл не екі қырат?» — деп сұрады, сонды Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: **«Олар екі зәулім таулар секілді»**, — деп жауап берді (әл-Бухари 1325, Муслим 945).

Мұсылманның басқа мұсылманның алдындағы міндетіне сондай-ақ оған зиян мен реніш тигізуден қолы мен тілін тыйю болып табылады. Мұсылмандарды қақысыз ренжіту үлкен күнәларға жатады. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَالَّذِينَ يُؤْذُونَ الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ بَغَيْرِ مَا اكْتَسَبُوا فَقَدْ احْتَمَلُوا
بُهْتَانًا وَإِثْمًا مُّبِينًا﴾

«Сондай мүмин ерлер мен мүмин әйелдерді жазықсыз кейіткендер (оларды істемеген күнәларда айыптағандар), солар мойындарына жала жабудың ауртпалығын әрі ашық күнә жүктеп алды (әрі осынысы үшін Ақыретте жаза көтереді)» (әл-Әхзаб» сүресі, 58-аят).

Өз мұсылман бауырын қақысыз ренжітіп, оған зиян тигізетін адам көп жағдайда бұл дүниенің өзінде-ақ Аллаһтың жазасына ұшырайды. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Бір-біріңді жек көрмеңдер, біріңе бірің теріс бұрылмаңдар, әрі біріңе бірің бауыр болыңдар, уа Аллаһтың құлдары! Өйткені мұсылман мұсылманға бауыр, әрі сондықтан да ешбір мұсылман басқа мұ-**

сылманды жәбірлемей, оған жеккөрушілікпен қарамауы, оны көмексіз қалдырмауы керек, ал тақуалық мына жерде жасырулы!» — деп, қолымен үш рет көкірегіне нұсқады да, сосын: *«Исламдағы өз бауырын жек көрген адамға бұл зиян ретінде жетіп асады, әрі әрбір мұсылманға басқа мұсылманның жаны, мал-мүлкі мен ар-намысы қол сұғылмайтын болуы керек»*, — деді (Муслим 2564).

Мұсылмандардың бір-бірінің алдындағы кұқықтары көп, алайда олардың барлығы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Мұсылман басқа мұсылманға бауыр»*, — деген сөздерінде қамтылған. Әрі егер ол осы бауырластықты орындайтын болса, онда өз бауырына пайда әкелетін кез-келген нәрсені шамасы жеткенше жасауға, әрі оған зиян тигізуі мүмкін болған кез-келген нәрсені одан алшақтатуға ба-рынша жасауға тырысады¹.

¹ Ибн Умардан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Аллаһ үшін ең сүйікті адамдар — бұл олардың ең пайдалылары, ал Ұлы Аллаһ Тағаланың алдындағы ең сүйікті амал — бұл мұсылманға оның қайғысында көмектесуің немесе оның қарызын төлеуің, немесе оның аштығын тойдыруың арқылы оған қуаныш әкелуің. Және ақиқатында мұсылман бауырыма оның мұқтаж болған нәрсесінде көмекке келуім мен үшін бір ай бойы мешітте жабылып иғтикаф жасаудан сүйіктірек. Ал кім (Исламдағы) бауырына қатысты ашу-ызасын тоқтатса — Аллаһ оның кемшіліктерін жасырады, және де кім өз ашу-ызасын төге салғысы келген кезде тоқтатса — Аллаһ оның жүрегін Ақыретте ризашылықпен толтырады. Және де кім өзінің мұсылман бауырына оның мұқтаждығында көмектесуге шықса, оған көмектескенге дейін, Аллаһ оның табандарын табандар таятын Күнде нығайтады. Әрі сірке балды бұзғандай, жаман мінез-құлық та амалдарды бұзады»* (Ибн Абу әд-Дунья, әт-Табарани, хадис сахих, қ-з.: «Сахих әл-жәмиғ» 176).

ОНЫНШЫ ҚҰҚЫҚ: МҰСЫЛМАН ЕМЕСТЕРДІҢ ҚАҚЫЛАДЫ

Бұл баб өзінің құрамына барлық мұсылман еместерді қамтиды, ал олар өз кезегінде шариятта төрт санатқа бөлінеді:

1. Әл-Харбийун (мұсылман елімен соғыс жағдайындағы кәпірлер) — олардың біздің алдымызда қорғауға да, қамқорлық жасауға да құқықы жоқ.

2. Әл-Мустаъминун (мұсылман еліне қауіпсіздік кепілдігімен кірген соғыс жағдайындағы кәпірлер) — бұлар мұсылмандардың қорғауына құқықты, бірақ бұл құқық белгілі мекен және уақытпен ғана шектелген. Өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَإِنْ أَحَدٌ مِنَ الْمُشْرِكِينَ اسْتَجَارَكَ فَأَجِرْهُ حَتَّى يَسْمَعَ كَلَامَ اللَّهِ ثُمَّ أَبْلِغْهُ مَأْمَنَهُ﴾

«Ал егер (Аллаһ олармен соғысуды бұйырған) көпқұдай-шылдардың әлдебіреуі (соғысу тыйым салынған айлардан кейін) сенен (уа Пайғамбар, сен шақырып жатқан нәрсені тыңдауы үшін) қауіпсіздік сұраса, онда оған, ол Аллаһтың Сөзін естуі (және хақ жол туралы білуі) үшін қауіпсіздік бер. Кейін (ол иман келтірсе) оған қауіпсіз болған (ол өзі келген) орынға (оған қатысты опасыздық жасамай) жеткіз» («әт-Тауба» сүресі, 6-аят).

3. Әл-муғахидун — бұл олармен бейбіт келісім-шарт жасалған және мұсылмандар сол келісім-шартты өз мерзімінің соңына дейін орындауға міндетті болған кәпірлер. Әрі осы

келісілген мерзім олар да келісімнің өзіне тиісті бөлігін ешқандай салғырттық танытпай әрі мұсылмандарға қарсы ешкімге көмектеспей әрі біздің дінімізді қорлап сөкпей, әділ орындағанға дейін жалғасады. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿إِلَّا الَّذِينَ عَاهَدْتُمْ مِنَ الْمُشْرِكِينَ ثُمَّ لَمْ يَنْقُصُوكُمْ شَيْئًا وَلَمْ يُظَاهِرُوا عَلَيْكُمْ أَحَدًا فَأَتَيْتُمَا إِيَّاهُمْ عَهْدَهُمْ إِلَىٰ مُدَّتِهِمْ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُتَّقِينَ﴾

«Бірақ сендермен (уа мүминдер, белгілі мерзімге дейін) келісім жасасқан және содан кейін оны ешбір нәрседі бұзбаған, әрі (жауларыңнан) әлде-біреуге сендерге қарсы (соғысуға) көмек етпеген мүшриктерден басқа, міне, солардың келісімдерін мерзімінің соңына дейін толық жеткізіндер. Расында, Аллаһ тақуаларды (Аллаһтың әмірлерін орындайтындарды және Оның тыйымдарынан тыйылатындарды) жақсы көреді» («әт-Тауба» сүресі, 4-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

﴿وَإِنْ نَكَثُوا أَيْمَانَهُمْ مِنْ بَعْدِ عَهْدِهِمْ وَطَعْنُوا فِي دِينِكُمْ فَقَاتِلُوا أَئِمَّةَ الْكُفْرِ إِنَّهُمْ لَا أَيْمَانَ لَهُمْ﴾

«Ал егер олар келісім жасасқандарынан кейін өз анттары бұзып, діндеріне тіл тигізсе, онда күпірліктің жетекшілеріне қарсы соғысыңдар, өйткені оларға ант жоқ» («әт-Тауба» сүресі, 12-аят).

4. Әз-зиммийун — бұл мұсылман еместердің арасындағы ең көптеген құқықтар мен міндеттемелерге ие санаты. Өйткені олар мұсылман елдерінде солардың қорғауы мен қарауының астында өмір сүреді әрі осынысы үшін жизия төлейді¹.

¹ Жизия балалардан, әйелдерден, қарттардан, еш нәрсесі жоқ кедейлерден, ақыл-есінен айырылғандардан және ауру адамдардан алынбайды. Қз.: “Ахкаму әһли-зимма” 1/43–51, Ибн әл-Қайим.

Әрі сондықтан да мұсылмандардың елбасшысы олардың арасында Ислам заңдары бойынша үкім етуі әрі әлдебіреудің өмірі, мал-мүлкі және ар-намысы туралы шешімді тек сол (яғни ислам шарияты) арқылы шығаруға міндетті. Оған сондай-ақ егер олар тыйым салынған деп санайтын қатысты іс-әрекеттерді істегендері үшін жазаны да орнатуы керек¹. Әрі, әрине, ол олардың (қауіпсіздіктері мен құқықтарының) қорғалуын қамтамасыз етуі және оларды кез-келген зияннан қорғап отыруы қажет.

(Ислам мемлекетінде өмір сүретін) мұсылман еместер (шарият бойынша) мұсылмандардан өз киімдерімен ерекшеленуі керек, әрі Исламда айыпталатын нәрселерді немесе әлдебір рәсімдерін, мысалы, қоңырау шалуын немесе крестерін, ашып көрсетпеуі керек.

Зиммилерге қатысты үкімдер ғұламалардың кітаптарында егжей-тегжейлі баяндалған, сондықтан бұл мәселені бұл жерде ұзақ талдамаймыз.

Әрі барлық мақтау-мадақтар әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән. Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына, сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

¹ Мысалы, зина үшін. Имам Муслимнің «Сахих» жинағында, екі яһудинің — ахлю-з-зиммадан болған және зина жасаған ер мен әйелдің таспен ұру жазасына кесілгені жеткізіледі. Муслим 1699.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
БІРІНШІ ҚҰҚЫҚ: АЛЛАҒ ТАҒАЛАНЫҢ ҚАҚЫСЫ.....	5
ЕКІНШІ ҚҰҚЫҚ: АЛЛАҒ ЕЛШІСІНІҢ (ОҒАН АЛЛАҒТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ҚАҚЫСЫ.....	12
ҮШІНШІ ҚҰҚЫҚ: АТА-АНАҒЫҢ ҚҰҚЫҒЫ.....	17
ТӨРТІНШІ ҚҰҚЫҚ: БАЛАЛАРДЫҢ ҚАҚЫЛАРЫ	22
БЕСІНШІ ҚҰҚЫҚ: АҒАЙЫН-ТУЫСТЫҢ ҚАҚЫЛАРЫ	28
АЛТЫНШЫ ҚҰҚЫҚ: ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҚАҚЫЛАРЫ	32
ЖЕТІНШІ ҚҰҚЫҚ: БАСШЫЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ ҚОЛАСТЫНДАҒЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	40
СЕГІЗІНШІ ҚҰҚЫҚ: КӨРШІЛЕРДІҢ ҚАҚЫСЫ.....	44
ТОҒЫЗЫНШЫ ҚҰҚЫҚ: МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ӨЗАРА ЖАЛПЫ ҚАҚЫЛАРЫ	47
ОНЫНШЫ ҚҰҚЫҚ: МҰСЫЛМАН ЕМЕСТЕРДІҢ ҚАҚЫЛАДЫ	54

